

Металлургтер мерейін тасытқан мереке



2-бет

Қайраткер мұрасы – мұрағатта



6-бет

Мундиальдің мықтысы кім болады?



8-бет

Құрметті металлургтер! Ардақты сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Металлург күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Металлургия – өңірміздің өндірістік қуатын айқындайтын, еліміздің экономикалық дамуына серпін беретін стратегиялық маңызды сала. Сіздердің адал еңбектеріңіздің, жоғары біліктіліктеріңіз бен қажыр-қайраттарыңыздың арқасында Қазақстанның өндірістік әлеуеті артып, жаңа қалалар бой көтеріп, инфрақұрылым дамып, ел экономикасы нығая түсуде.

Қарағанды өңірі өз металлургтерімен әрдайым мақтанады. Сіздер таңдаған мамандық үлкен төзімділікті, қайсарлықты және өз ісіне деген шексіз адалдықты талап етеді. Балқыған әрбір болат, өндірілген әрбір өнім – маңдай тердің, кәсіби шеберлік пен тынымсыз еңбектің нәтижесі.

Сала ардагерлеріне айрықша алғысымызды білдіреміз. Сіздер – отандық металлургияның берік іргетасын қалаған, мол тәжірибесі мен өнегелі жолын кейінгі буыңға аманат еткен тұлғасыздар. Көп жылғы еңбектеріңіз бен кәсібиліктеріңіз бүгінгі жетістіктердің негізіне айналды. Жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, еңбек дәстүрін жалғастырып келе жатқандарыңыз үшін зор ризашылығымызды білдіреміз.

Баршаңызға еңбекте табыс, жұмыстарыңызға береке, қауіпсіз еңбек жағдайы мен жаңа жетістіктер тілейміз. Әр шаңыраққа амандық, бақ-береке, ынтымақ пен шаттық орнасын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, өмірлеріңізге мол бақыт серік болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын, от пен болаттың хас шеберлері!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

Кенді өлкенің кемелдену көкжиегі

Шаруасы шалқыған, болат-мысы балқыған өркенді өлкеде өндіріс қарқыны ешқашан бәсеңдемеген. Қайта тынысы бұрынғыдан да кеңейіп келетіндей. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған жаңа индустриялық саясат, яғни, шикізат экспортынан жоғары технологиялы өндірістерге көшу үдерісі Қарағандының майталман металлургтерінің нақты ісімен жүзеге асып жатыр. Өңір экономикасының өзегіне айналған металлургия саласы жаңа инвестициялармен толығып, тын жобалармен жанғыруда.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бетбұрыс

– Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал, оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Быттырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау

және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда әртүрлі автокөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, әрине, жеткіліксіз, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

Кезінде қойнауынан көмір мен кен өндіріп, тұтас елдің өндірістік дәуіріне жол ашқан қазыналы Қарағанды бүгін де сол тарихи миссиясын жаңа мазмұн

мен жалғастырып келеді. Енді аймақ тек шикізат өндіруші ғана емес, жоғары технологиялы өнім шығаратын қуатты өндіріс орталығына айналуы межелі мақсат етеді. Аты айтып тұрғандай, Теміртаудағы Qarmet металлургия комбинатының аумағында бүгінде қазақстандық металлургия тарихындағы ең ірі жаңғырту жұмыстары сәтпен жүзеге асып жатқандығы баршаға аян. 2023 жылы кәсіпорынға отандық инвестор келгеннен кейін комбинат алдына ТМД кеңістігіндегі жетекші металлургиялық орталықтардың біріне қайта айналу және автомобиль өнеркәсібі



не арналған жоғары сапалы болат маркаларын шығару міндеті қойылған.

Иә, жоспар жосықсыз болмас. Жоталы жобалар нақты инвестициялар науасымен бекітілген. Мәселен, 2028 жылға дейін компания шамамен 3,5 миллиард АҚШ долларын инвестициялап, «5-9-5» корпоративтік стратегиясын жүзеге асырады. Оның аясында болат пен темір кені концентратын өндіру көлемі жылына 5 миллион тоннаға жеткізілмек. Қазірдің өзінде кәсіпорын аумағында бір мезгілде бірнеше ірі жоба жүзеге асырылуда. Мұның қатарында жаңа сұрылтық прокат кешені, №8-9 кокс батареялары, ыстықтай мырыштау және полимерлі жабын жағу желісі, сондай-ақ, құны 700 миллион доллар болатын құю-прокат кешені және бар. Көнігі металлургтердің айтуынша, мұндай өрісті өндірістің Еуразиялық экономикалық одақ пен ТМД кеңістігінде баламасы жоқ. Биылғы күзде комбинат өз тарихында алғаш рет табиғи газға қосылады. Соны жобаны өңірдегі соңғы жылдардағы ең ауқымды экологиялық бастамалардан бірден байқасақ, газдандыру үдерісі өндіріс тиімділігін арттырып қана қоймай, домна пештерінің өнімділігін өсіріп, шойынның өзіндік құнын төмендетуге мол мүмкіндік береді.

– Бүгінде Qarmet жаңғыртудың маңызды кезеңінен өтіп жатыр. Кәсіпорында өндірістік қуаттар жаңартылып, заманауи технологиялар енгізілуде, өндірістің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған ірі жобалар жүзеге асырылуда. Дегенмен, компанияның басты құндылығы – адамдар, өз ісіне адал кәсіби мамандар, – деді «Жыл металлургия» номинациясының жеңімпазы, Qarmet компаниясының болат департаментінің директоры Андрей Берг.

► 4-бет

Асық ойнаған азбайды

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихымен бірге жасасып, ұлттың болмысын айшықтайтын асық ойыны бүгінде ресми мойындалған кәсіби спорт түріне айналды. Бір кездері ауыл баласының күнделікті ермегі саналған ұлттық ойын қазір жүйелі даму жолында. 2011 жылы асық ату спортының ресми ережесі бекітіліп, Қазақстанның спорттық классификациясына енгізілді. Содан кейін ұлттық спорттың бұл түрі жаңа деңгейге көтеріліп, волейбол, баскетбол секілді спорт түрімен қатар мемлекет тарапынан қолдау көре бастады. Бүгінде асық ату спорты «Бес асық» ойынымен қатар дамуда. Яғни, ұлдар «Асық атудан» сынға түссе, қыздар «Бес асықтан» бақ сынайды. Осы уақытқа дейін асық ату спорты бекітілген ереже негізінде өткізіліп келген. Жыл басында қолданыстағы ережеге бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, кітап болып қайта басылып шықты.



Қазіргі таңда «Асық ату» мен «Бес асық» спортынан аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі чемпионат пен турнирлер тұрақты ұйымдастырылып келеді. Жарыстар спортшылардың жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше

санат бойынша өткізіліп, әр қатысушының шеберлігі әділ бағалануда. Бұл спорт түрінде де арнайы спорттық дәреже жүйесі қалыптасқан. Жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен спортшыларға «Спорт шеберіне үміткер», «Спорт шебері» атағы мен спорттық разряд

тар беріледі. Асық ату ойынының ережесіне енгізілген жаңа өзгерістер туралы Асық ату спортынан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясының және Ұлттық ат спорты түрлерінен «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Ержан Нұғұманов айтып берді. Ұлттық спорттың осы бағыты бойынша 15 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман бүгінде жас спортшыларды тәрбиелеп, шәкірттерінің шеберлігін шыңдап жүр. Сонымен қатар, өзі мектеп бағдарламасына арналған оқу-әдістемелік бағыттарды әзірлеуге атсалысып, жалпы білім беретін мектептерде де асық атуды насихаттап келеді.

– Бұған дейін асық ату жарыстарында әр спортшы жеке сынға түсетін. Бір команда үш ойыншыдан құралғанымен, олардың әрқайсысы өз бетінше өнер көрсетіп, кейін жинаған ұпайлары бойынша командалық есеп шығарылатын. Ал, биыл енгізілген жаңа ереже сәйкес, команданың үш ойыншысы бір шеңберде ойнайды. Бұл өзгеріс «Бес асық» спортына да енгізілді. Жаңа тәртіп бойынша әр ойыншының өз міндеті бар. Бірінші ойыншы алыстан атып, тізілген асықты шеңбер сыртына шығарса, командадағы екінші ойыншы шеңбер ішіндегі асықты шеңбер сызығының бойынан атады. Ал, үшінші ой-



ыншы құлаған асықты көздейді. Басқа спорт түрлеріндегідей жарыс үш айналым бойынша өткізіледі.

Ережедегі тағы бір жаңашылдық – ойыншыларды алаңда бірден ажыратуға мүмкіндік беретін арнайы белгілердің міндеттелуі. Әр команда мүшесі қолына айрықша байлауыш тағуы немесе манишка киюі қажет. Егер бұл талап орындалмаса, команда жарысқа жіберілмейді. Сонымен қатар, қатысушылардың жас ерекшеліктеріне қарай ойын алаңының өлшемдері де өзгереді. Кіші жастағы спортшылар үшін шеңбердің диаметрі – 1,5 метр, орта буын үшін – 2 метр, ересектер арасында – 3,3 метрлік шеңбер қолданылады. «Бес асық» ойыны 13 турдан тұрады. Алғашқы 12-турда ойыншылар белгіленген уақыт ішінде қарсыласымен кезектесіп өнер көрсетсе, 13-турда жинаған ұпайлар есептеліп, жеңімпаз анықталады, – деді Ержан Нұғұманов.

► 6-бет

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Металлургтер мерейін тасытқан мереке

Балқаштың өткені де, бүгіні де металлургиямен тығыз байланысты. Қаланың өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан металлургтердің кәсіби мерекесі биыл да ерекше салтанатпен аталып өтті. Металлургтер күніне арналған мерекелік жиында өндіріс саласының дамуына елеулі үлес қосқан үздік мамандар марапатталып, металлургтердің ел экономикасындағы орны ерекше екені тағы бір мәрте айқындалды. Салтанатты шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Нұрмұхамбет Әбдібеков, «Қазакмыс» ЖШС Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі, «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Жанібек Байғабелов, еңбек ардагерлері мен сала қызметкерлері қатысты.

Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғаш болып сөз сөйлеген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев металлургтердің ел экономикасындағы ерекше рөліне тоқталды.

– Металлургия – Қарағанды облысының ғана емес, тұтас Қазақстанның өнеркәсіптік қуатын айқындайтын стратегиялық сала. Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында еңбек адамына деген құрмет жаңа деңгейге көтерілді. Металлургтердің адал еңбегі, кәсібилігі мен жауапкершілігі өңірдің өркендеуіне зор үлес қосып келеді. Баршаңызды кәсіби мерекемен құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында барлығы 64 қызметкер түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Құрметті металлург» төсбелгісімен «Қазакмыс С്മелтинг» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры Марат Аубакиров, кеңесші Марат Бекенов және мыс электролизі цехының электролизшісі Өмірғай Күтүмгелдиев ие болды.



Министрліктің «Еңбек ардагері» төсбелгісі 2 еңбек ардагеріне – мыс балқыту цехының балқытушысы Ербол Түсіповке және драгметалл цехының аппаратшы-гидрометаллургі Қазбек Жетісовке табыс етілді. «Еңбек Данқы» төсбелгісімен барлығы 25 металлург марапатталды.

Сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен 4 қызметкер марапатталса, «Қазакмыс корпорациясы» Директорлар кеңесі төрағасының Құрмет грамотасына – 11 адам, Басқарма төрағасының Құрмет грамотасына – 7 адам, ал «Kazakhmys Smelting» ЖШС Бас директорының Құрмет грамотасына 8 қызметкер ие болды. Жиында сөз алған «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Нұрмұхамбет Әбдібеков компанияның басты байлығы адам капиталы екенін атап өтті.

– Өндірістегі әрбір жетістік – мыңдаған металлургтің кәсіби білімі мен жауапкершілігінің нәтижесі. Сондықтан, еңбек адамын қолдау, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасау – компанияның басты міндеттерінің бірі, – деді ол. Өз кезегінде «Қазакмыс» ЖШС Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі өндірістік көрсеткіштермен қатар әлеуметтік жауапкершілікке ерекше көңіл бөлінетінін айтты.

– «Қазакмыс» өңірлердегі әлеуметтік



жобаларды тұрақты түрде қолдап келеді. Біз білім беру, денсаулық сақтау, спорт және инфрақұрылым салаларын дамытуға бағытталған бастамаларды жүзеге асырып келеміз. Осы жұмыстардың жалғасы ретінде Балқаш қаласының 10-ықшам ауданында 280 орындық жаңа балабақша салынатын болады. Бұл – жас отбасыларға үлкен қолдау көрсететін маңызды әлеуметтік жоба. Компания алдағы уақыт-

та да өңірдің дамуына бағытталған игі бастамаларды жалғастыра береді, – деді Руслан Өскенәлі.

«Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Жанібек Байғабелов өндірістері табыстың негізі – кәсіби мамандар екенін атап өтіп, еңбек қауіпсіздігі мен өндіріс мәдениетін жетілдіру басым бағыт болып қала беретінін тілге тиек етті. Ал, Қазақстан Республикасының «Құрметті металлургі», Балқаш қаласының Құрметті азаматы Дүйсенғали Байқуатов жас мамандарға ақ батасын беріп, металлург мамандығының абыройы мен жауапкершілігі туралы тағылымды ойларын жеткізді.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасып, сала ардагерлері мен өндіріс озаттарына құрмет көрсетілді. Өнерпаздар металлургтерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сахнада әншілер Болат Құсайынов, Нұрболат Ұзақбай әсерлі

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Айналма жол тамызда ашылады

Балқаш көлінің жағалауындағы Торанғалық пен Шұбартүбек бағытындағы танымал демалыс орындарына қатынау алдағы уақытта әлдеқайда қолайлы болмақ. Қазіргі таңда республикалық автожолдың аталған учаскесінде теміржол өткелін айналып өтетін жаңа жолдың құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жаз мезгілінде бұл бағыттағы теміржол өткелі жүргізушілер үшін ең күрделі нүктелердің бірі саналады. Пойыз өткен сайын көлік қозғалысы уақытша тоқтатылып, жүздеген автотөкелі ұзын-сонар кептелісте қалатын. Демалушылар легі артатын маусымда бұл мәселе тұрғындар мен туристердің жиі наразылығын туғызған еді. Осы түйткілді шешу мақсатында республикалық маңызы бар автожолда айналма жол салу жобасы қолға алынды. Құрылысты «Стандарт 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыруда.

Мердігер ұйымның учаске басшысы Канат Құрманғалиевтің айтуынша, жоба өткен жылы басталған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының шамамен 70 пайызы аяқталған. Жобаға сәйкес жолға екі қабат асфальт төселеді. Оның бірінші қабаты толық аяқталса, екінші қабатының 80 пайызы салынған. Құрылыс алаңында 20-ға жуық арнайы техника мен білікті мамандар еңбек етуде. Жаңа айналма жолдың жалпы ұзындығы 4 шақырымды құрайды. Қазір негізгі құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Мердігер ұйымның мәліметінше, нысанды пайдалануға беру биылғы 20 тамызға жоспарланған.

Айта кетейік, жоба іске қосылғаннан кейін Балқаш көлінің жағалауына қатынайтын көлік қозғалысы едәуір жеңілдеп, жүргізушілер теміржол өткелінде уақыт жоғалтпайтын болады. Бұл өз кезегінде жол қауіпсіздігін арттырып, өңірдің туристік инфрақұрылымын дамытуға да оң ықпал етеді.

Өз тілшімізден

БАЛҚАШ

• РЕСМИ

Жаңа автосатылар берілді

Облыста төтенше жағдайларға ден қою жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Аймақтың өртке қарсы қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында құтқарушыларға биіктігі 55 метрге жететін екі жаңа автосаты пайдалануға берілді. Бұл заманауи техникалар көпқабатты тұрғын үйлер мен биік ғимараттарда туындайтын төтенше жағдайлар кезінде құтқару және өрт сөндіру жұмыстарын әлдеқайда тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, жаңа автосатылар 18-қабат деңгейіне дейін көтеріліп, өрт ошақтарына жедел жетуге және жоғары қабаттардағы тұрғындарды қауіпсіз эвакуациялауға арналған. Сонымен қатар, олар авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде мамандардың мүмкіндігін кеңейтіп, кез келген күрделі жағдайда уақытты үнемдеуге септігін тигізеді.

Жаңа техникалардың басты артықшылығының бірі – жоғары икемділігі мен сенімділігі. Әсіресе, көшелері тар әрі құрылыстары тығыз орналасқан қалалық аудандарда мұндай мүмкіндіктердің маңызы зор. Автосатылар қысқа уақыт ішінде қажетті орынға жетіп, құтқару операцияларын жедел бастауға жағдай жасайды.

Мамандардың айтуынша, өрт кезінде әрбір секунд қымбат. Сон-

дықтан, арнайы техникалар паркін жаңарту құтқару бөлімшелерінің жедел әрекет ету қабілетін арттырып қана қоймай, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға да үлкен үлес қосады. Қазіргі заман талаптарына сай жабдықталған автосатылар өрт сөндірушілердің жұмысын жеңілдетіп, қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Облыста төтенше жағдайлар қызметінің материалдық-техникалық әлеуетін кезек-кезеңімен жаңғырту жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Бұл бағыттағы шаралар өңір тұрғындарының қауіпсіздігін күшейтіп, төтенше жағдайлардың салдарын барынша азайтуға мүмкіндік бермек.

Заманауи техникамен жарақтанған құтқарушылар қандай жағдай болсын жедел әрекет етіп, халыққа дер кезінде көмек көрсетуге дайын.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



Мемлекеттік қолдау өндіріске серпін береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібін дамыту, экономиканы әртараптандыру, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және еңбек өнімділігін өсіру міндеттерін үнемі назарда ұстап келеді. Президент тапсырмаларын іске асыру аясында елімізде өндіріс орындарын жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктері кеңінен қолданылуда. Нәтижесінде кәсіпорындар заманауи технологияларды енгізіп, өндіріс көлемін ұлғайтып, жаңа даму кезеңіне қадам басуда. Атап айтсақ, соның бірі – Қарағандыдағы шұжық өнімдерін өндіретін «Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірісін жаңарту жобасы.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, Қарағанды облысында орналасқан «Тай» ЖШС құны 65 миллион теңге болатын шұжық өнімдерін қаптауға арналған жаңа буындағы автоматтандырылған жабдық сатып алған. Жаңадан іске қосылған желі өндірістегі негізгі кезеңдердің бірін толықтай автоматтандыруға мүмкіндік берді.

Заманауи технологияны ен-

гізудің нәтижесінде өнім шығару көлемі шамамен үштен бірге артқан. Сонымен қатар, өндіріс үдерісі жеделдеп, еңбек өнімділігі жоғарылаған. Автоматтандырылған жүйе өнімнің сапасын тұрақты деңгейде сақтауға, тапсырыстарды қысқа мерзімде орындауға және өндірістік шығындарды азайтуға да ықпал етіп отыр.

Жоба жүзеге асқаннан кейін кәсіпорын мемлекеттік қолдау бағдарламасы аясында жұмсаған қаражатының бір бөлігін қайтарып алды. Атап айтқанда, мемлекет тарапынан 25,9 миллион теңге

көлемінде өтемақы төленді.

«Тай» ЖШС техникалық директоры Серік Жұртыбаевтың айтуынша, мұндай қолдау кәсіпорын үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан.

– Бұл біз үшін маңызды қолдау болды. Қайтарылған қаражатты өндірісті одан әрі жаңғыртуға, қосымша жабдықтар сатып алуға және өнім ассортиментін кеңейтуге бағыттаймыз. Осындай қолдау кәсіпорындардың тұрақты дамуына және ұзақ мерзімді жоспарларын жүзеге асыруына үлкен серпін береді, – дейді ол.



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Мамандардың пікірінше, өндірісті жаңғырту өнім көлемін ұлғайтып қана қоймай, кәсіпорындардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Заманауи технологияларды енгізу арқылы өндіріс тиімділігі жоғарылап, өнім сапасы жақсарды. Бұл, әсіресе, азықтүлік өндірісінде аса маңызды. Себебі, тұтынушылар үшін сапалы әрі қауіпсіз өнім ұсыну – бүгінгі күннің басты талабының бірі.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметіне сәйкес, өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларының операторы – QazIndustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығы. Орталық кәсіпорындардың шығындарының бір бөлігін екі негізгі бағыт бойынша өтейді. Оның бірі – еңбек өнімділігін арттыру болса, екіншісі – өнімді ішкі нарыққа ілгерілету.

Бағдарлама шеңберінде кәсіпорындар технологиялық жабдықтар сатып алуға, өндірісті цифрландыруға, автоматтандыру жүйелерін енгізуге, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және өндірістің тиімділігін көтеруге бағытталған басқа да жобаларға жұмсалған шығындарының 40-50 пайызына дейін өтемақы ала алады.

Бұл қолдау тетігі өндіріс орындарының техникалық әлеуетін нығайтып, жаңа инвестициялық жобалардың жүзеге асуына жол ашады. Сонымен бірге, кәсіпкерлерді өндірісті кеңейтуге ынталандырып, өңір экономикасының дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және отандық өнімнің ішкі нарықтағы үлесінің артуына оң ықпал етеді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Нүркен БЛЯЛОВ:

Басты нәтиже – қағазбастылық азайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саланы цифрландыру ісінде басты назар азаматтардың нақты мұқтаждығына, деректердің сапасына және мемлекеттік қолдаудың әділ әрі ашық көрсетілуіне аударылуы тиіс екенін бірнеше рет атап өтті. Бүгінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау, зейнетақы рәсімдеу, мүгедектікті белгілеу, арнайы әлеуметтік қызметтер саласын бақылау жұмыстары біртіндеп цифрлық форматқа көшіп келеді. Бұл азаматтар үшін қаншалықты тиімді? Құжат жинау азайды ма? Проактивті қызметтер әлеуметтік қолдауға қол жеткізуді жеңілдетті ме? Осы сауалдар төңірегінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы Нүркен Бляловпен сұхбаттастық.

– Нүркен Аманбайұлы, ең алдымен, департаменттің негізгі қызмет бағытына тоқталсаңыз. Әлеуметтік қорғау саласында аумақтық департамент қандай міндет атқарады?

– Біздің департамент – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органы. Яғни, Комитеттің атқарушы және орындаушы функцияларын өңір деңгейінде жүзеге асырады.

Негізгі жұмысымыз үш бағытты қамтиды. Біріншісі – республикалық бюджеттен төленетін зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау. Екіншісі – мүгедектікті белгілеу және қайта куәландыру. Үшіншісі – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.

Әр бағыттың өз ерекшелігі бар. Бірақ, барлығына ортақ басты талап – азаматтар құқығының бұзылмауы, мемлекеттік қызметтің заңға сай, әділ әрі уақытылы көрсетілуі.

– Әлеуметтік төлемдер мен зейнетақыларды тағайындау бойынша облыстағы қазіргі жағдай қандай?

– Зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау бойынша департамент 15 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Былтырғы жылдың аймақ бойынша 70 493 азаматқа тағайындау жүргізілді. Оның ішінде 4 315 жағдайда тағайындаудан бас тарту болды. Бұл жерде бір мәселені нақты түсіндіре кеткен жөн. Бас тартқандардың едәуір бөлігі зейнетақы жинақтарының сақталуына байланысты мемлекеттік кепілдік бойынша біржолғы төлемге қатысты. Яғни, азаматтың жинақтаушы зейнетақы қорындағы қаражатының инвестициялық өсімі заңда көзделген талаптарға сәйкес келген жағдайда мемлекеттік кепілдік бойынша төлем тағайындалмайды.

Ал, жәрдемақылар бойынша бас тарту өте сирек кездеседі. Зейнетақы тағайындау барысында бас тартудың негізгі себептері еңбек етілінің болмауы немесе құжатпен расталмауына байланысты болады. Мұндай жағдайда азаматтар құжаттарын ретке келтіріп, қайта өтініш бере алады. Құжаттар толық ұсынылса, мәселе заң шеңберінде қайта қаралады.

– Азаматтар бұрынғыдай көп құжат жинай ма? Қазір тағайындау процесі қалай жүреді?

– Өтініш беруші құжаттарын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына тапсырады. Одан кейін құжаттардың электрондық мәкет жасалады. Есептеулерді бэк-офис, яғни, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық жүргізеді. Департамент осы электрондық макет негізінде мәліметтердің дұрыстығын тексеріп, тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі басты өзгеріс – қажетті мәліметтердің көпшілігі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы алынады. Департамент жұмыс істейтін «Е-макет» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі салық жүйесімен, eGov деректерімен, мүгедектігі бар азаматтардың орталықтандырылған дерекқорымен, АХАЖ және өзге де ақпараттық базалармен кіріктірілген.

Сондықтан, азаматтарға бұрынғыдай әр мекемеден

анықтама жинаудың қажеті жоқ. Құжат жинауды талап ететін негізгі бағыт – зейнетақы төлемін тағайындау. Өйткені, онда еңбек өтілі, мұрағаттық анықтамалар, еңбек кітапшалары сияқты құжаттардың маңызы бар.

– Проактивті қызметтер туралы жиі айтылады. Қарағанды облысында қандай жәрдемақылар проактивті түрде тағайындалады?

– Қазіргі таңда 9 түрлі жәрдемақы проактивті форматта көрсетіледі. Проактивті қызмет кезінде департамент қызметкері мен өтініш берушінің тікелей қатысуы болмайды. Ақпараттық жүйелер азаматтың белгілі бір төлемге құқығы бар екенін анықтап, тиісті рәсім автоматты

– Ақпарат таратудың негізгі арналарының бірі – әлеуметтік желілер. Сондықтан, департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары белсенді. Онда қажетті ақпарат, мемлекеттік қолдау шараларын тағайындау тәртібі, мемлекеттік қызметтерге қатысты түсіндірмелер тұрақты жарияланып отырады.

түрде басталады.

Проактивті түрде тағайындалатын жәрдемақылар қатарында мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың барлық түрі, оның ішінде мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақылар бар. Сондай-ақ, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, мүгедектігі бар баланы күтуге байланысты жәрдемақы, бала тууына және бала күтіміне байланысты жәрдемақылар, жерлеуге арналған біржолғы төлем, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне берілетін жәрдемақы, зейнетақы жинақтарының сақталуына байланысты мемлекеттік кепілдік бойынша біржолғы төлем және көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы бар.

Көп жағдайда мұндай жәрдемақылар банк қосымшалары арқылы немесе проактивті форматта рәсімделеді. Бұл азамат үшін өте ыңғайлы. Себебі, адам мекеме жағалап, анықтама жинап, кезекте тұрмайды.

– Цифрландыру әлеуметтік төлемдер саласындағы адами факторды азайтты дегуге бола ма?

– Иә, бұл бағыттағы басты нәтиженің бірі – адами фактордың айтарлықтай азаюы. Барлық процестерді цифрлық жүйеге көшіру ең алдымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді. Бұрынғыдай құжаттың көшірмесін жасатып, нотариус арқылы растау, бірнеше мекемеге бару, ұзын-сонар кезекте тұру сияқты рәсімдер азайды. Проактивті қызметтер азамат үшін барынша қарапайым форматта ұсынылады. Қолдағы смартфон арқылы қазақ және орыс тілдерінде түсінікті хабарламалар келеді. Бүгінде смартфон қолданбайтын азаматтар аз. Сондықтан, әлеуметтік төлемдерді цифрландыру мемлекеттік қызметті халыққа жақиндатып деп айтуға болады.

Сонымен қатар, барлық жәрдемақылардың мөлшері заңмен белгіленген. Артық немесе кем есептеу фактілері болмайды. Тағайындау және бақылау жұмыстары мемлекеттік қызмет көрсету заңнамасына және Әлеуметтік кодекстің талаптарына сәйкес күнделікті жүргізіледі.

– Ұзынмен, құжаттың



дұрыстығын бақылау қалай жүргізіледі? Жалған құжат ұсыну фактілері кездесе ме?

– Әрине, бақылау бар. Жүйелі түрде тағайындалған электрондық макеттер қайта тексеріліп отырады. Атап айтқанда, мұрағаттық анықтамалар мен еңбек кітапшаларының дұрыстығы қайта қаралады. Сонымен қатар,

Денсаулық сақтау басқармасымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Емхана қызметкерлерімен кездесулер, оқыту және түсіндіру шаралары тұрақты ұйымдастырылады.

Мұндағы басты мақсат – азаматтарды артық зуре-сарсаңға салмау. Егер қажетті медициналық деректер ақпараттық жүйелерде бар болса, азаматтың бірнеше мекемеге барып, құжат тауының қажеті жоқ. Шешім деректер негізінде қабылдануы тиіс.

– Цифрлық сауаты төмен азаматтар үшін түсіндіру жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Ақпарат таратудың негізгі арналарының бірі – әлеуметтік желілер. Сондықтан, департаменттің әлеуметтік желідегі парақшалары белсенді. Онда қажетті ақпарат, мемлекеттік қолдау шараларын тағайындау тәртібі, мемлекеттік қызметтерге қатысты түсіндірмелер тұрақты жарияланып отырады.

Сонымен қатар, департамент мамандары күн сайын азамат-

Кез келген жүйеде түсіндіру жұмысы қатар жүруі керек. Азамат өзіне тиесілі төлемді қалай алатынын, қандай жағдайда бас тартылуы мүмкін екенін, деректерде қате болса қайда жүгіну керектігін білуі тиіс. Сондықтан, біз үшін цифрландырудың мақсаты – тек жүйені жаңарту емес, азаматқа қолайлы, түсінікті әрі әділ қызмет көрсету.

тарды қабылдайды, кеңес береді. Қабылдау ашық түрде, алдын ала жазылусыз жүргізіледі. Яғни, азамат қандай да бір сұрағы болса, департаментке жүгініп, қажетті түсіндірме ала алады. Цифрландыру азаматты жүйеден алыстатпауы керек. Керісінше, жүйе азаматқа жақындай түсуі тиіс. Сондықтан, түсіндіру жұмыстары, кері байланыс, мамандардың ашық қабылдауы маңызды.

– Үшінші бағыт – әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау. Бұл бөлім нақты немен айналысады?

– Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімі бірнеше бағытта жұмыс істейді. Біріншіден, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету саласына бақылау жүргізеді. Яғни, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының жұмысы тексеріледі.

Екіншіден, осындай ұйымдарға лицензия беру мәселелері қаралады. Үшіншіден, халықтың осал топтары үшін қолжетімді орта талаптарының сақталуы бақыланады. Мысалы, пандус, кіреберіс, қозғалысқа ыңғайлы жағдайлар стандартқа сай болуы керек.

Былтыр осы бағытта 75 тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде 172 заңбұзушылық анықталып, заңды тұлғаларға 21 әкімшілік айыппұл салынды. Бюджетке 5 млн теңгеден астам қаражат өндірілді.

– 1 шілдеден бастап техникалық оналту құралдарын беруге қатысты жаңа жоба іске қосылды. Оның ерекшелігі неде?

– Иә, бұл салада 1 шілдеден бастап өзгерістер бар. Мүгедектігі бар адамдарға арналған техникалық құралдарды беру тәртібіне қатысты жаңа жоба Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарында іске қосылды. Қазіргі қолданыстағы тәртіп бойынша мүгедектігі бар адамдарға кресло-арба, таяқ, балдақ сияқты құралдар тегін беріледі. Бірақ оларды жөндеу жүргізілмейді, ал, ауыстыру белгіленген пайдалану мерзімі өткеннен кейін ғана жасалады.

Жаңа жоба бойынша кейбір техникалық құралдар уақытша тегін пайдалануға беріледі. Бұл қайта пайдалануға жарамды, санитарлық тазалаудан өткізуге болатын құралдарға қатысты. Атап айтқанда, кресло-арбалар және жүріп-тұруға арналған өзге де құралдар жобаға енгізілген. Ал, жеке гигиеналық құралдар бұл жобаға кірмейді.

Жобаның мәні мынада: азаматтың денсаулық жағдайы өзгеруі мүмкін. Мысалы, бұрын кресло-арба қажет болған адамға кейін басқа құрал керек болуы ықтимал немесе керісінше, арбаға қажеттілік жойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда құрал мемлекетке қайтарылып, жөндеуден және санитарлық өңдеуден өтіп, басқа адамның қажетіне беріледі.

Егер құрал жарамсыз деп табылса, пайдалану мерзімі өтпесе де, жаңасы беріледі. Жалпы, пилоттық жобаға 40-тан астам техникалық құрал түрі енгізілген. Күні кеше, осы бағыттағы орталықтың ашылуы өтті.

– Жалпы, әлеуметтік саланы цифрландыру қарапайым азамат үшін қандай нәтиже берді деп ойлайсыз?

– Ең басты нәтиже – қағазбастылық азайды. Азаматтың мекеме жағалап, анықтама жинауы, құжат көшірмесін жасатуы, кезекте тұруы азайды. Ақпараттық жүйелер қажетті деректерді өзара алмасды. Проактивті қызметтер арқылы азамат өзінің белгілі бір төлемге құқығы бар екенін дер

кезінде біледі. Тағы бір айтарлығы – ашықтық. Цифрландыру тағайындау процесіндегі адами факторды қысқартады. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, мемлекеттік қызметтің сапасын арттырады.

Әрине, кез келген жүйеде түсіндіру жұмысы қатар жүруі керек. Азамат өзіне тиесілі төлемді қалай алатынын, қандай жағдайда бас тартылуы мүмкін екенін, деректерде қате болса қайда жүгіну керектігін білуі тиіс. Сондықтан, біз үшін цифрландырудың мақсаты – тек жүйені жаңарту емес, азаматқа қолайлы, түсінікті әрі әділ қызмет көрсету.

– Әлеуметтік қолдау жүйесінде ең басты қағида қандай болуы керек?

– Ең басты қағида – заңдылық, әділдік және қолжетімділік. Әлеуметтік көмек шын мәнінде мұқтаж азаматқа жетуі тиіс. Мемлекеттік қолдау уақыттылы, ашық және түсінікті көрсетілуі қажет. Цифрлық жүйе осы мақсатқа қызмет етуі керек. Егер құжатта немесе ақпараттық жүйеде сәйкессіздік болса, оны түзету жолы түсінікті болуы қажет. Мемлекет үшін де, азамат үшін де ең маңыздысы – сенім. Ал, сенім ашықтық пен нақты жұмыс арқылы қалыптасады.

– Уақыт тауып, көп ауқымды сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сауалдар сараланды

Теміртау қаласында «Отбасы – қолдау және қамқорлық аумағы» атты Ашық есік күні өтті. Қала тұрғындары түрлі сала мамандарынан жеке кеңес алып, мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік қолдау шаралары туралы жан-жақты ақпарат алды.

Мамандар тұрғындарға әлеуметтік қолдау, білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік, жұмыспен қамту және кәсіпкерлік мәселелері бойынша кеңес берді. Сондай-ақ, тұрғын үй бағдарламалары, жастар саясаты, отбасылық әл-ауқат, мәдениет пен спорт салаларына қатысты сауалдарға жауап қайтарды. Келушілер өздерін толандырған мәселелерді тікелей мамандарға қойып, оның шешу жолдары туралы кеңес ақпарат алды.

– Көп жағдайда кейбір отбасылар өздеріне қажетті кеңесті қайдан алаарын білмей, дал болып жатады. Оларға бағыт-бағдар көрсетіп, қолдан келгенше қолдау білдіру – әрқайсымыздың міндетіміз. Бүгінгі шара тұрғындарға бірнеше мекемені араламай-ақ, түрлі сала мамандарынан бір жерден кеңес алуға мүмкіндік берді. Әр отбасының жағдайы әртүрлі болғандықтан, мамандар келушілердің мәселесін жеке қарастырып, тиісті шешу жолдарын ұсынды. Мұндай кездесулер әлеуметтік мәселелердің қордалануына жол бермей, қажетті көмекті дер кезінде көрсетуге септігін тигізеді. Сондықтан, алдағы уақытта осындай игі шараларды жиі ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, – деді Отбасын қолдау орталығының маманы Айнагүл Жайнағанқызы.

Банк саласының мамандары тұрғындарға баспана сатып алу мүмкіндіктері, тұрғын үй жинақ жүйесі және қолданыстағы бағдарламаларға қатысу тәртібі жөнінде түсінік берді. Келушілер бастапқы жарна, жинақ мерзімі, төлем қабілетін растау және өтінім беру кезінде талап етілетін құжаттарға қатысты сауалдарын қойды. Сондай-ақ, әр отбасының қаржылық мүмкіндігіне қарай шешім қабылдаудың маңыздылығы айтылды.

Кездесу барысында қаржылық сауаттылық мәселесіне де назар аударылды. Мамандар несие рәсімдемес бұрын оның шарттарын мұқият зерделеу, ай сайынғы төлем мен отбасы бюджетінің арақатынасын дұрыс есептеу қажеттігін түсіндірді. Бұдан бөлек, банк қызметін пайдаланғанда жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу және күмәнді ұсыныстардан сақ болу жөнінде кеңес берілді. Осылайша Ашық есік күні тұрғындарға әлеуметтік қолдауды қатар, қаржылық мәселелер бойынша да пайдалы бағыт-бағдар ұсынды.

Ашық есік күні тек кеңес беру алаңымен шектелген жоқ. Келушілер үшін мазмұнды шығармашылық бағдарлама да әзірленді. Балалар мен ересектер қолөнер, қолданбалы шығармашылық және сурет салу бойынша шеберлік сабақтарына қатысты. Ұлттық зияткерлік ойын – тоғызқұмалақтың қыр-сырын үйреніп, өзара бақ сынады.

Сонымен қатар, қатысушылар жасанды интеллекттің заманауи мүмкіндіктерін танысты. Арнайы шеберлік сабағында жасанды зерде көмегімен түрлі мазмұндағы материал әзірлеудің тәсілдері көрсетілді. Бұл бөлім әсіресе жастардың қызығушылығын тудырды.

Өз тілшімізден

• ӨНДІРІС – ӨМІР ӨЗЕГІ

Кен байытып, кентті көркейткен

Кенді металға айналдыратын өндірістік желінің басында – байыту процесі тұр. Ал, осынау күрделі тізбектің Қарқаралы өңіріндегі басты дінгегі – Қарағайлы кен байыту фабрикасы. Тарихтың талай сынынан өткен бұл алып кәсіпорын бүгінде өндіріс қуатын еселеп қана қоймай, жергілікті жұрттың әлеуметтік тірегіне айналды. Сондықтан да, Қарағайлыда фабрика мен кент тағдырын бөле-жара қарау мүмкін емес. Кәсіпорын тыныстаса – ел де тыныстайды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Өткен ғасырдың 50-жылдарында кен барлау экспедициясы жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қарағайлы кенішінде барит-полиметалл кенінің мол қоры бар екені анықталған. Кеннің минералдық құрамы әртүрлі болғанымен, басым бөлігін барит, қорғасын, мыс пен мырыш құрады. Осындай бағалы металдарды өндіру және байыту мақсатында 1963 жылы Қарағайлы кен байыту фабрикасының іргетасы қаланды. Алғашқы №1 фабрика жылына 100 мың тонна кен өңдеуге есептелген еді. Өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты 1978 жылы қуаты жылына 1,5 миллион тонна кен өңдеуге қауқарлы №2 фабрика іске қосылды. Осылайша, Қарағайлы біртіндеп Қарқаралы өңіріндегі ірі өндірістік орталықтардың біріне айналды.

Фабрика төңірегінде жұмысшылар қонысы қалыптасып, тұрғын үйлер салынып, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Кәсіпорын мыңдаған адамның еңбек жолын бастап, бірнеше буын өкілінің кәсіби шыңдалуына мүмкіндік берді. Қарағайлы тұрғындары үшін комбинат қарапайым жұмыс орны ғана емес, тұтас кенттің өсіп-өркендеуіне жол ашқан тіршілік өзегі ме дерсін.

Тау-кен байыту комбинатында қырық жыл еңбек еткен Жүкен Жұмабекұлы сол кезеңдерді жақсы біледі.

– Өскерден оралғаннан кейін, 1965 жылы бірден фабрикаға жұмысқа орналастым. Содан қырық жыл бойы осы өндірісте табан аудармай еңбек еттім. Біздің буынның мұраты айқын еді. Ол – кәсіпорын жұмысын ілгерілетіп,

Қарағайлыны көркейту. Комбинатта еңбек еткен әр адам өз жұмысын кенттің болашағымен байланыстыратын. Бүгінде ауылымыздың жаңарып, қайта гүлденіп келе жатқанын көргенде, төккен теріміздің зая кетпегенін сезінеміз. Мұның бәрінде осы кәсіпорынның үлесі зор, – дейді еңбек ардагері.

Алайда, Қарағайлының өндірістік жолы үнемі бірқалыпты болған жоқ. Кеңес Одағы тарағаннан кейін тау-кен байыту комбинатының жұмысы тоқырауға ұшырады. Кезінде цехтары тынымсыз жұмыс істеп, кен тиелген вагондары үздіксіз қозғалып жататын өндіріс орны бір сәтте тынши қалды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарында кен барлау экспедициясы жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қарағайлы кенішінде барит-полиметалл кенінің мол қоры бар екені анықталған. Кеннің минералдық құрамы әртүрлі болғанымен, басым бөлігін барит, қорғасын, мыс пен мырыш құрады. Осындай бағалы металдарды өндіру және байыту мақсатында 1963 жылы Қарағайлы кен байыту фабрикасының іргетасы қаланды.

Кәсіпорын жұмысының тоқтауы кенттің әлеуметтік жағдайына да ауыр әсер етті. Тұрақты табысынан айырылған тұрғындардың бір бөлігі жұмыс іздеп, басқа қалалар мен өңірлерге көшуге мәжбүр болды. Үйлер бос қалып, бір кездері тіршілігі қайнаған Қарағайлының еңсесі түсіп кетті.

Жағдай 2000 жылдардың басында өзгере бастады. 2003-2006 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы өндіріс орнын өз қарамағына алып, фабриканы қалпына келтіру мен қайта іске қосуға кірісті. Жаб-



ондірісі» филиалының құрамында жұмыс істейді. Кәсіпорын Абыз, Ақбастау және Қажықонған кен орындарынан жеткізілетін полиметалл кенін өңдейді. Фабриканың қазіргі өндірістік қуаты жылына 1,4 миллион тонна кенді құрайды. Негізгі өнімі – мыс және пирит концентраттары.

Кеннің дайын концентратқа айналуына дейінгі жолы бірнеше күрделі технологиялық кезеңнен тұрады. Алдымен, өндіріс орнына жеткізілген кен ұсату қондырғыларынан өтеді. Одан кейін, арнайы диірмендерде қажетті мөлшерге дейін майдаланып, флотациялық әдіс арқылы пайдалы минералдар бос жыныстан ажыратылады. Алынған концентрат қоюландырылып, сүзгіден өткізіліп, әрі қарай металлургиялық кәсіпорындарға жөнелтуге дайындалады.

Әр кен орнының минералдық құрамы бірдей емес. Сондықтан, технологтар өңделетін шикізаттың ерекшелігіне қарай өндірістік режимді өзгертіп отырады. Бүкіл үдерістің қалыпты жүруі зертха-

налық бақылауға, жабдықтардың сенімділігіне және әр маманның жауапкершілігіне тәуелді.

Қазіргі уақытта фабриканың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп отыр. «Qaragayly Tau-ken ondirisi» филиалының 2026 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы шеңберінде жабдықтар, материалдар мен қосалқы бөлшектер сатып алуға 5,3 миллиард тенгеден астам қаражат қарастырылған. Соның шамамен 3 миллиард тенгесі Қарағайлы байыту фабрикасына бағытталмақ.

Бағдарлама аясында сүзгілеу және ұсату учаскелерінің жабдықтарын жаңарту, конвейер шаруашылығының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету көзделген. Сонымен қатар, қалдық шаруашылығының қойыртып құбырын ауыстыру, ауызу желісін жаңғырту, сорғы және электр жабдықтарын жетілдіру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар өндірістің жоспардан тыс тоқтап қалу қаупін азайтып, еңбек жағдайын жақсар-

туға мүмкіндік береді.

– Фабрикадағы жұмыс тұрақты әрі жүйелі түрде жалғасып келеді. Кәсіпорынның қалыпты қызметі ең алдымен, жабдықтардың сенімділігі мен мамандардың кәсіби біліктілігіне байланысты. Сондықтан, өндірістік желілерді кезең-кезеңімен жаңартып, негізгі учаскелердің үздіксіз жұмыс істеуіне басымдық беріп отырмыз. Біздің міндетіміз – бүгінгі өндірістік көрсеткіштерді сақтау ғана емес, фабриканы алдағы уақыттың талаптарына сай дамыту. Қарағайлының әлеуметтік жағдайы да кәсіпорынның тұрақты жұмысына тікелей байланысты екенін жақсы түсінеміз, – дейді фабрика директоры Талғат Еламанұлы.

Өндіріс қаншалықты автоматтандырылып, технология қаншалықты жетілдірілгенімен, фабриканың басты күші – адам. Мұнда тәулік бойы алмасып жұмыс істейтін технологтар, ұсатушы-машинистер, диірмен жүргізушілері, флотация операторлары, жөндеушілер, энергетиктер мен зертхана мамандары бір мақсатқа жұмылады. Олардың әрқайсысының еңбегі дайын концентраттың сапасына тікелей әсер етеді.

Қарағайлы кен байыту фабрикасының тарихы – өндіріс пен елдімекен тағдырының өзара сабақтастығын айқын көрсететін еңбек шежіресі. Бір кезеңде тоқырап, тұрғындары үлере көшкен кенттің өндіріс қайта жанданған соң еңсе тіктеуі де осыны аңғартады.

Металлургтің қолына жеткенге дейін кен ұзақ жолдан өтеді. Сол жолдың аса жауапты кезеңдерінің бірі Қарағайлы фабрикасында жүзеге асады. Мұнда өндірілген әр тонна концентраттың артында инженердің есебі, технологтің білімі, жұмысшының қырағылығы мен бірнеше буынның маңдай тері тұр. Кенді байытып, кентті көркейтіп келе жатқан қарағайлықтардың қажырлы еңбегі – отандық металлургияның өркендеуіне қосылған елеулі үлес.

Сурет «Қазақмыс» корпорациясының сайтынан

Кенді өлкенің кемелдену көкжиегі



Коллаж жасаған Айнас Рахымжан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеует

Қош делік. Теміртауда дәстүрлі металлургия жаңғыртылып жатса, Сарыарқа арнайы экономикалық аймағында мүлде жаңа бағыттағы өндіріс қалыптасып келеді. «Qaragandy Power Silicon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болашақ кремний кластерінің алғашқы буынына айналды. Жоба кварц өндіруден бастап, монокристалды кремний шығаруға дейінгі толық технологиялық тізбекті қалыптастыруды көздейді. Монокристалды кремний – электроника мен күн энергетикасы үшін стратегиялық маңызды бар құнды материал. Жоталы жобаның екінші бір кемел кезеңі – металлургиялық кремний өндірісін іске қосу. Оның құны 190 миллион АҚШ долларына бағаланған. Жыл соңына таман жобаға тартылатын инвестиция көлемі 330 миллион долларға жетеді. Кәсіпорын басшылығының айтуынша, бұл – Президент ерекше назар аударған стратегиялық материалдарды Қазақстанда өндіру бағытындағы нақты қадам.

Облыстың өндірістік әлеуетін статистика мәліметтері де айқын көрсетеді. Өңірде бүгінде 941 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Онда шамамен 35 мың адам еңбек етеді. Өнеркәсіптің өңір эко-

номикасындағы үлесі 40 пайыздан асады. 2030 жылға дейін облыста жалпы құны 4,5 триллион теңгені құрайтын 120 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 20 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Атаулы көзайым көрсеткіштер әлемдік металлургия саласы күрделі кезеңді бастан өткеріп отырған уақытта ерекше мәнге ие. 2025-2026 жылдары салада артық өндіріс, бағаның төмендеуі және сауда шектеулерінің күшеюі байқалуда. Осындай жағдайда Қарағанды кәсіпорындары өндірісті қысқартпай, керісінше жоғары деңгейде өңделген өнім шығаруға басымдық беріп отыр. Мұндай өнім әлемдік шикізат бағасының құбылуына анағұрлым төзімді.

Бағыт

Ел Президенті өзінің жыл сайынғы Жолдауларында арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігіне қатысты сын пікірін де бірнеше рет білдірген болатын. Алайда, бүгінде он бір кәсіпорын жұмыс істеп, тағы он төрт жоба салынып жатқан «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы бұл бағыттағы оң тәжірибенің жарқын үлгісіне айналып келеді. Өңірдің алдағы даму бағыты айқын: шикізаттық экономикадан терең өң-

деуге, көмір мен кеннен жоғары сапалы болат пен кристалды кремний өндіруге, жекелеген зауыттардан толыққанды өнеркәсіптік кластерлер қалыптастыруға көшу.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 2026 жылы республика бойынша тағы жеті металлургиялық кәсіпорынды іске қосуды көздеп отыр. Осындай үдерісте Қарағанды бұрынғыдай еліміздің индустриялық өсімінің негізгі тіректерінің бірі болып қала береді. Бір қасыр бұрын Қазақстанға көмір берген кәсіпорні өлке бүгінде ел игілігі үшін премиум санаттағы болат пен жоғары технологиялық кремний өндіріп отыр. Осылайша Қарағанды Мемлекет басшысы айқындаған жаңа индустриялық саясаттың нақты жүзеге асып жатқанын іс жүзінде дәлелдеуде.

Қарағанды бүгінде болатпен, кремниймен және жаңа технологиясымен Қазақстанның индустриялық келбетін қалыптастырып келеді. Домна пештерінен көтерілген жалын – өндірістің де, ел экономикасының өрлеуінің белгісі. Демек, Сарыарқада балқыған әрбір тонна металл – тәуелсіз елдің қуаты, ал жүзеге асқан әрбір жоба – Президент айқындаған жаңа экономикалық бағыттың өміршендігін дәлелдейтін нақты нәтиже. Болаттай берік өлкенің биік белесі әлі алда.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Металлургия майталманы

Өндірістің ыстық ошағында шыңдалып, маңдай терімен мәртебесін биіктеткен жандардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Себебі, өндірістегі әрбір жетістік – кәсіби біліктілік пен жауапкершіліктің, табандылық пен тынымсыз ізденістің жемісі. Осындай еңбеккер, ісіне адал азаматтардың бірі – Балқаш мыс зауыты учаскесінің ауысым шебері Қанат Садыбаев.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қанат Қайырханұлы 1991 жылдың 21 тамызында Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келген. Балалық шағынан еңбек адамдарының ортасында өсіп, техникалық салаға қызығушылық танытқан ол болашақ мамандығын ерте таңдады. Осы мақсат жолында 2009 жылы Балқаш қаласындағы «Қазақмыс» колледжін металлургия мамандығы бойынша тәмамдап, өндіріс әлеміне нық қадам басты.

Еңбек жолын 2015 жылдың 13 мамырында Балқаш мыс зауытының мыс балқыту цехында балқытушы болып бастады. Балқыған металдың қызу ортасында шыңдалған жас маман алғашқы күннен-ақ еңбекке деген адалдығымен, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтын қасиетімен көзге түсті. Әр күн сайын тәжірибесін молайтып, кәсіби шеберлігін жетілдіруге күш салды. Тиянақты еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 2018 жылдан бастап, балқытушы қызметімен қатар ауысым шеберінің міндетін уақытша атқарды. Бұл кезең оның өндірістік тәжірибесін байытып қана қоймай, басқарушылық қабілетін де шыңдады. Ұжыммен бірлесе жұмыс істеу, өндірістік үдерісті тиімді ұйымдастыру және жауапты шешім қабылдау сияқты қасиеттері осы жылдары айқын қалыптасты.

– Металлург мамандығы – тек кәсіп емес, үлкен жауапкершілік. Әр жұмыс күніміз өндірістің қауіпсіздігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, әр істі ұқыптылықпен атқаруға, өз білімімді үнемі жетілдіруге тырысамын. Еңбектің қадірін біліп, тәжірибелі әріптестерден үйрену – мен үшін басты қағида. Алдағы уақытта да ұжым сенімін ақтап, өндірістің дамуына өз үлесімді қоса беруді мақсат етемін, – дейді Қанат Қайырханұлы.

Білім – біліктіліктің бастауы» екенін терен тисінген Қанат еңбекпен қатар кәсіби білімін жетілдіруге де ерекше көңіл бөлді. 2021 жылы Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орнына түсіп, өндірістегі мол тәжірибесін теориялық біліммен толықтырды.



Үздіксіз ізденістің нәтижесінде 2024 жылы жоғары оқу орнын сәтті аяқтап, диплом иеленді. Бұл оның кәсіби деңгейін жаңа белеске көтеріп, өндірістегі жауапты қызметтерді атқаруына берік негіз қалады. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен табанды еңбектің жемісі ретінде 2026 жылдың мамыр айында ауысым шебері лауазымына тағайындалды.

Кейіпкеріміздің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Еңбек жолында ол өндірістік жоспарларды сапалы орындап, өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқарғаны үшін «Қазақмыс» компаниясының Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен бірнеше мәрте марапатталды. Бұл – оның кәсібіне деген адалдығы мен жауапкершілігінің нақты көрінісі. Биыл кәсіпорынның таңдаулы еңбеккерлері қатарынан көрініп, есімі «Даңқ галереясына» енгізілді.

– Бұл – мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Жеткен жетістіктерім – өзім еңбек ететін ұжымның, тәжірибелі әріптестерімнің қолдауының нәтижесі. Алдағы уақытта да адал еңбектен айнамай, өндірістің өркендеуіне өз үлесімді қоса беремін, – дейді Қанат Садыбаев.

БАЛҚАШ

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ҚАРАҒАНДЫДА ЖАСАЛҒАН

Теміртаудың құрышымен қапталады

Теміртауда балқытылған болатпен Қазақстан жолдарымен жүйтікiген автобустардың шанағы қапталады. Бұл – жай ғана өндiрiстiк үрдiс емес, елдeгi машина жасау мен металлургияның өзара байланысы күшейiп келе жатқанының айқын көрiнiсi. Qarmet металлургиялық комбинаты мен QazTehna зауытының бiрлескен жобасы отандық өндiрiстiң жаңа кезеңге аяқ басқанын аңғартады.


Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгiнде QazTehna зауытында шығарылатын автобустардың негiзгi кузов бөлшектерi Qarmet өндiретiн 08КП маркалы мырышталған болаттан жасалады. Бұл мүмкiндiк 2025 жылы кәсiпорында Қазақстандағы алғашқы гидравликалық штамптау прессi iске қосылғаннан кейiн пайда болды. Қуаты 1600 тонна болатын бiрегей жабдық автобустың шатырынан бастап бүйiр панельдерiне дейiнгi негiзгi металл элементтерiн зауыттың өзiнде дайындауға жол ашты.

– Аталған штамптау прессiнiң күшi 1600 тонна және бұл – Қазақстандағы осындай үлгiдегi жалғыз жабдық. Мұнда автобустардың негiзгi кузов бөлшектерi: шатыр элементтерi, бүйiр панельдер және басқа да компоненттер өндiрiледi. Болатты бiзге Qarmet компаниясы жеткiзедi. Әртүрлi қалыңдықтағы металл қолданамыз, ол жоғары сапасымен ерекшеленедi және штамптауға өте қолайлы, – дедi QazTehna зауытының инженер-технологы Назар Бухирин.

Өндiрiстегi бұл өзгерiс тек жаңа жабдықтың iске қосылуымен шектелмейдi. Ең бастысы – автобустарды шығарудағы жергiлiктендiру деңгейi артты. Отандық болатты пайдалану импорттық құрамдастарға тәуелдiлiктi азайтып, өндiрiстiк тiзбектiң елiмiздiң iшiнде қалыптасуына жол ашты. Соның нәтижесiнде локализация деңгейi 11 пайыздан астам өстi.

Қазiр жаңа желiде Yutong маркалы қалалық, туристiк және мектеп автобустарына арналған шатырдың орталық және бүйiр бөлiктерi, қаптамалар мен басқа да негiзгi штампталған бөлшектер шығарылады.




тер шығарылады. Мұның бәрi – қазақстандық металлургтердiң еңбегiнiң нәтижесi.

– Отандық машина жасау кәсiпорындарымен ынтымақтас-тықты дамыту – Qarmet үшiн маңызды бағыттардың бiрi. QazTehna зауытына мырышталған болат жеткiзу бiздiң металлургиялық комбинат өнiмдерiнiң заманауи жоғары технологиялық өндiрiстер талаптарына сай келетiнiн көрсетедi. Бiз үшiн Қазақстанда өндiрiлетiн техниканың жасалуында отандық металдың қолданылуы аса маңызды. Мұндай кооперация iшкi нарықты дамытуға, локали-зация үлесiн арттыруға және Қазақстан кәсiпорындары арасында тұрақты өндiрiстiк тiзбектер қалыптастыруға ықпал етедi, – деп атап өттi Qarmet мамандары.

Компания бүгiнде өндiрiстi жаңғыртуға бағытталған ауқымды инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырып жатыр. Комбинатта №8-9 жаңа кокстық батареялар, сортпрокат кешенi, ыстық үздiксiз мырыштау және полимерлi жабындар желiсi, сондай-ақ, құю-прокат кешенi салы-нуда. Бұл жобалар жүзеге асқан сайын құрылысқа, машина жасауға және автомобиль өнеркәсiбiне қажеттi заманауи металл өнiмдерiнiң көлемi де арта түспек.

Қазақстанда соңғы жылдары өнеркәсiптiк кооперацияны күшейтуге ерекше мән берiлiп келедi. Бұрын сырттан әкелiнетiн металл бөлшектердiң бiртiндеп отандық өнiммен алмастырылуы өндiрiс шығындарын азайтып қана қоймай, кәсiпорындардың өзара байланысын нығайтады. Бұл – iшкi нарықтың әлеуетiн арттырып, қазақстандық өнiмнiң бәсекеге қабiлеттiлiгiн күшейтетiн маңызды қадам.

Машина жасау саласының дамуы ең алдымен сапалы метал өндiрiсiне тiкелей тәуелдi. Сондықтан металлургия мен машина жасаудың бiр өндiрiстiк тiзбекке бiрiгуi жаңа техноло-гияларды енгізуге, инженерлiк әлеуеттi дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкiндiк бередi. Мұндай байланыс елдiң өнеркәсiптiк қауiпсiздiгiн қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарады. Темiртауда өндiрiлген болаттың Саранда құрастырыла-тын автобуска айналуы бiр ғана өндiрiстiк жобаның нәтижесi емес. Бұл – шикiзат өндiруден бастап дайын өнiм шығаруға дейiнгi толық өндiрiстiк циклдың қалыптасып келе жатқанының белгiсi. Мұндай тәжiрибе көбейген сайын «Қазақстанда жасалған» деген белгi тек тауардың шыққан жерiн ғана емес, ел



экономикасының мүмкiндiгiн де айқындай түседi.

Әлемдiк тәжiрибеде өнеркәсiптiң бәсекеге қабiлеттiлiгi көбiне кәсiпорындар арасындағы кооперация деңгейiмен өлшенедi. Бiр кәсiпорын шикiзат өндiрсек, екiншiсi оны жоғары қосылған құны бар дайын өнiмге айналдырады. Қазақстан да осы модельге бiртiндеп көшiп келедi. Мұндай өндiрiстiк байланыс ел iшiнде жаңа технологиялардың таралуына, инженерлiк тәжiрибенiң жинақталуына және өндiрiс мәдениетiнiң жаңаруына ықпал етедi.

Отандық өндiрiстiң күшi де осындай байланыстан көрiнедi. Металлургия мен машина жасау бiр бағытта жұмыс iстеген сайын

ел iшiнде қосылған құны жоғары өнiм көбейедi. Ал бұл тек жаңа автобустардың шығарылуы ғана емес, өндiрiстiк тәжiрибенiң жинақталуы, инженерлiк мектептiң қалыптасуы деген таңбаның салмағының артуы. Экономиканың берiктiгi де дәл осындай нақты өндiрiстерден басталады.

Бүгiнде Қазақстанда өндiрiлген болат Қазақстанда жасалған автобустың негiзiне айналып отыр. Мұндай өндiрiстiк кооперация тек екi кәсiпорынның жетiстiгi емес. Бұл – қосылған құны жоғары өнiм өндiруге ұмтылған ел өнеркәсiбiнiң бағыты, технологиялық тәуелсiздікке бастайтын нақты қадам.

Суреттер Qarmet сайтынан

• ҚҰРМЕТ

Даңққа бөленген дарабоздар

Металлургтің маңдай тері мен кәсіби шеберлігі өндіріс қуаты мен елдің өндірістік әлеуетін де айқындайды. Осы ерен-ғайып еңбекті ұлықтайтын орын – Qarmet комбинатындағы Даңқ аллеясы. Металлург күні қарсаңында аллея тағы бір мәрте жаңарып, болат өндірісінде үздік нәтижеге қол жеткізген 60 қызметкердің есімі мен жарқын бейнесі құрмет төрінен ойып тұрып орын алды.

Жаңартылған Даңқ аллеясының ашылу салтанаты еңбек мерекесінің айрықша сезіндіре түскендей. Өнерпаздар әуелеткен ән мен күмбірлеген күй, мың бұралған би өндіріс озаттарына деген құрметтің шынайы көрінісіндей әсер қалдырды. Салтанатты жиында болат өндірісінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан қызметкерлерге Құрмет грамоталары табысталып, олардың есімдері әріптестері алдында лайықты дәріптелді.

Солардың бірі – конвертер цехының учаске бастығы, өмірінің отыз жылдан астам уақытын комбинат жұмысына арнаған Талғат Түсіпов.

– Толқу да бар, мақтаныш сезімі де бар. Бұл – тек өзім үшін ғана емес, туған комбинатым үшін де үлкен мәртебе, – деді ол қуанышымен жасырмай.

Газ цехы қызметінің бастығы Евгений Попков Qarmet ұжымында 2009 жылдан бері табан аудармай еңбек етіп келеді. Оның есім-сойының Даңқ аллеясынан орын алуы – өндірістегі кәсіби біліктілік пен жауапкершіліктің, ұжым алдындағы адал еңбектің лайықты бағаланғанының көзайым көрінісі.

– Еңбегімнің бағаланғаны қуантады. Бірақ, барша әріптестеріме тілейтін ең басты тілегім – жұмыстың қауіпсіз болуы. Бізді әрдайым үйде жақындарымыз күтіп отырғанын ұмытпайық, – деп ескерте кетті Евгений Попков.

Qarmet компаниясының баспасөз қызметі өкілдерінің айтуынша, Даңқ аллеясындағы әрбір портрет – жылдар бойы шыңдалған кәсіби шеберліктің, өндірістегі жоғары жауапкершіліктің және туған кәсіпке деген шексіз адалдықтың айқын айғағы.

Өз тілшімізден

• КЕЛБЕТ

Металлургтерді ұлықтаған мурал

Балқаш қаласында еңбек адамын ұлықтайтын тағы бір көркем туынды ел назарын өзіне бірден аударды. Балқаш мыс қорыту зауытының орталық кіреберісі маңындағы ғимарат қабырғасына ауқымды мурал сызылды.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биіктігі он метрден асатын қабырға суреті өндіріс саласы мен еңбек адамын дәріптеуге арналған. Композицияның негізгі кейіпкерлері – металлургтер. Авторлардың айтуынша, таңдалған тақырып металлург мамандығына деген құрмет, сондай-ақ, қаланың өндірістік дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген еңбек адамдарын бейнелейді. Жаңа мурал өндірістік аймақтың келбетіне ерекше көрік беріп қана қоймай, еңбек адамының төзімі мен қажырын айшықтап тұр. Сонымен қатар, мурал жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және қоғамда еңбек

адамының мәртебесін көтеруді көздейді.

Айта кетейік, Балқашта бұған дейін де осындай шығармашылық жобалар сәтімен жүзеге асырылған. 2020 жылдың желтоқсанында қаланың 10-ықшамауданындағы тұрғын үйдің қабырғасына суретші Абылайхан Аманжолдың авторлығымен «От пен мысты бағындырғандар» атты мурал бедерленген болатын. Бүгінде бұл туынды ауданның сәулеттік келбетін айшықтап тұрған көркем нысандардың біріне айналды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• БОЛАТ МІНЕЗ

Жалынмен шыңдалған ғұмыр

От пен болаттың, жалын мен жауапкершіліктің арасында шыңдалатын мамандық бар. Ол – металлург мамандығы. Бұл кәсіп тек терең білім мен кәсіби шеберлікті ғана емес, темірдей тәртіпті, қайсар мінезді, төзімділік пен туған ісіне деген шексіз адалдықты талап етеді. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, саналы ғұмырын ел өндірісінің өркендеуіне арнаған ардақты азаматтардың бірі – Нұрлан Малибеков. Бүгінде ол металл қорыту пешінің операторы қызметін атқарады.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарты ғасырға жуық уақытын Балқаш мыс қорыту зауытының ыстық цехтарында өткізіп, өндірістің талай тарихи кезеңдерінің куәсі әрі тікелей қатысушысы болған Нұрлан Бөлеубекұлы – еңбек пен тәжірибені ұштастыра білген білікті металлург; жастарға бағыт-бағдар көрсеткен тағылымды тәлімгер. Оның өмір жолы – маңдай термен келген абыройдың, кәсібіне деген адалдықтың және туған өндірісіне деген шынайы сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

Нұрлан Малибеков 1967 жылдың 25 наурызында Қарағанды облысының Балқаш қаласында дүниеге келген. 1984 жылы Балқаш қаласындағы Абай атындағы орта мектепті тәмамдап, Балқаш тау-кен металлургия техникумына «металлург» мамандығы бойынша оқуға түседі. Жастайынан еңбек адамы болуды мақсат еткен ол өмір жолын өндіріспен байланыстырып, металлургия саласына адал қызмет етуді таңдады. 1985 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, азаматтық борышын абыроймен өтейді. Әскерден кейін 1987 жылы туған

қаласына оралып, Балқаш мыс қорыту зауытының мыс балқыту цехында балқытушы болып еңбек жолын бастайды. Дәл сол жылы өндіріс тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – ПЖВ-2 пешін іске қосу жұмыстарына қатысып, кәсіби жолының алғашқы белесін үлкен жауапкершілікпен аттайды.

Жылдар өте тәжірибесі толысып, өндірістегі беделі арта түсті. 1999 жылы ПЖВ-1 пешін ауқымды қайта жаңғырту кезеңінде кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Ресей Федерациясының Ревда қаласына жіберілді. Бұл сапар оның өндірістік тәжірибесін байытып, жаңа технологияларды меңгеруіне мүмкіндік берді.

2004 жылы жаңғыртылған ПЖВ-2 пешін іске қосуға қатысып, өндірістің жаңа кезеңіне өз үлесін қосты. Ал, 2017 жылы кәсіби тәжірибесі мен мол білімінің арқасында Өзбекстан Республикасында ПЖВ пешін іске қосу жұмыстарына шақырылып, халықаралық деңгейдегі өндірістік жобаның табылғы жүзеге асуына атсалысты. Көп жылғы еңбек жолында Нұрлан Бөлеубекұлы өндірістегі маңызды жобалардың бел ортасында жүріп, кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп отырды. Ол өз ісіне адалдығымен, еңбекке деген жауап



кершілігімен және жаңашылдыққа ұмтылысымен әріптестерінің құрметіне бөленді.

Бүгінде Нұрлан Бөлеубекұлы Балқаш мыс қорыту зауытында металл қорыту пешінің оператор-тәлімгер қызметін абыроймен жалғастырып келеді. Тәлімгерлік жолында көптеген жас маманға бағыт-бағдар беріп, өндірістегі мол тәжірибесін бөлісуден жалыққан емес. Оның тәрбиесін көрген шәкірттердің арасынан бүгінде бас инженерлер, өндіріс шеберлері және білікті мамандар өсіп шықты. Бұл – ұстаз еңбегінің, кәсіби жауапкершіліктің және адамгершілік қасиеттің жарқын көрінісі.

Өндірістегі табысты еңбекпен қатар, Нұрлан Бөлеубекұлы отбасының да берекесін кіргізген ардақты әке. Өмірлік серігі, асыл жары Алмагүл Манатқызы екеуі үш перзент тәрбиелеп өсіріп, бүгінде немерелерінің қызығын

көріп отырған өнегелі отбасы. «Еңбек адамды шыңдайды» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған.

– Өз жұмысымды жақсы көремін. Металлург мамандығын таңдағанымна ешқашан өкінген емеспін. Өндірістің дамуына ғана емес, жас металлургтердің қалыптасуына өз үлесімді қоса алғаныма қуаныштымын, – дейді Нұрлан Малибеков.

Айта кетейік, өмір ағысында өндірістің ыстығы мен суығын қатар көріп, адал еңбек еткен кейіпкеріміздің өнегелі жолы – жас ұрпаққа, әріптестеріне үлгі. Оның еселі еңбегі мен кәсіби біліктілігі ел өндірісінің өркендеуіне қосылған қомақты үлес болып қала бермек.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• САБАҚТАСТЫҚ

Қайраткер мұрасы – мұрағатта

Қарағанды облыстық «Ихлас» татар-башқұрт қоғамдық орталығының негізін қалаған Анвар Керейбаевтың туғанына биыл 90 жыл. Елдің ынтымақ-бірлігіне, мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұмытылмас тұлғаның жеке құжаттары облыстық архивке тапсырылды. Осыған орай Достық үйінде мемарандумға қол қойылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Достық үйіндегі жиында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов сөз алып, бұл құжаттардың келешек ұрпақ үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

– Анвар Керейбаевтың ғұмыры жас ұрпаққа үлгі. Ол еліміздің нығаюына қалтқысыз қызмет етті. Әсіресе, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуында осы тұлғаның есімі айрықша аталады. Татар-башқұрт мәдени орталығын құруын – еліміздегі ынтымақ пен бірліктің нығая түсуіне өз үлесін қосты деп ауыз толтырып айта аламыз. Анвар Керейбаев секілді тұлғалардың арқасында еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Мен оны жас маман болып жүрген кезімнен танимын. Облыс әкімдігінің ғимаратына келіп, бізді құшақтап, хал-жағдайымызды сұрайтын. Жас мамандардың барлығы оны ерекше жақсы көретін. Сондай кең пейілді, ақ жүректі азамат еді. Күле жүріп, елді жақсы көре жүріп ауқымды шаруаларды атқаратын. Татар халқының дәстүрлі «Сабан тойын» әлі күнге дейін атап өтіп келеміз. Сол «Сабан тойдың» негізін қалаған осы Анвар ақсақалымыз еді. «Сабан тойды» Қарағанды жұрты шын ықыласпен қабылдады. Орталық саябақта ауыз толтырып айтатын мереке болатын. Міне, осындай тұлғаның



бүгін ашылып отырған тектік қоры өз зерттеушілерін, оқырмандарын табады деген сенімдемін, – деді Нұрлан Бикенов.

«Сабан той» бүгінде халықтар достығының мерекесіне айналды. «Сабан тойда» биік тұғырлы мәдениет дәріптеледі. Ұлттық ән, ұлттық би, күй, ұлттық спорт және ұлттық асхана – барлығы осында. «Сабан той» десе, еске бірден Анвар Керейбаев түседі.

Облыстық архивке құжаттарды тапсырған Анвар Керейбаевтың қызы Эльмира Анварқызы. Жалпы саны түпнұсқада 33 құжат аманатталды. Ол әкесінің құжаттары ұрпақтан ұрпаққа жетуі үшін осындай шешімге келгендігін айтады.

– «Ихлас» татар-башқұрт мәдени орталығының негізін қалаған әкем еді. Маған әкемнің жеке құжаттар қорын ашу туралы

ұсыныс түсті. Отбасымызбен ақылдаса келе әкеміздің барлық суреттерін, жеке қағаздарын, құжаттарын, жазбаларын, медальдарын жеке қорға тапсыруды жөн көрдік. Әкемнің еліміз үшін атқарған еңбегін елеп, осындай қадам жасап отырған облыс басшылығына алғысымды айтамын! – деді Эльмира Анварқызы.

Жиынға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова да қатысып, Анвар Керейбаев туралы жылы естелігімен бөлісті.

Жиын соңында Қарағанды облысындағы мемлекеттік архивтің басшысы Ерлан Нелдыбаев пен Анвар Керейбаевтың қызы Эльмира Анварқызы ортақ актіге қол қойды.

Сурет автордан

• ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Ғарышкер ғұмырының ғибраты

Мерейтой қарсаңында Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қазақстанның Халық қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері, жерлесіміз Тоқтар Әубәкіровтің өмірі мен қызметіне арналған библиографиялық жадынама әзірледі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа басылымда ғарышкердің ғибратты ғұмыры мен еңбек жолына қатысты қысқаша анықтамалық мәліметтер беріліп, ол туралы жарық көрген кітаптар, ғылыми және танымдық мақалалар, мерзімді басылымдардағы жарияланымдар мен электрондық ресурстар жүйелі түрде топтастырылған. Әрбір материал библиографиялық талаптарға сай сипатталып, оқырманды тақырыпқа қатысты сенімді әрі шынайы ақпарат көздеріне бағыттайды.

– Басылымның негізгі мақсаты – оқырманға сенімді әрі жүйеленген ақпарат ұсынып, Тоқтар Әубәкіров туралы әдебиеттерді тез әрі толық табуына мүмкіндік жасау. Библиографиялық көрсеткішті әзірлеу бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен, тақырып бойынша әдебиеттерге кешенді іздеу жүргізілді. Кейін жиналған материалдар іріктеліп, олардың библиографиялық сипаттамалары қолданыстағы стандарттарға сәйкес рәсімделді. Ақпараттың дұрыстығы бірнеше дереккөз арқылы салыстырылып тексеріліп, мазмұны жүйеленді. Библиограф ретінде басты міндетім – оқырманға нақты, сенімді және реттелген ақпарат ұсыну. Осындай



еңбектер арқылы ұлттық тұлғалардың өмірі мен қызметін насихаттап, олардың мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуге үлес қоса алғаныма қуаныштымын, – дейді басылымды құрастырушы, кітапхананың Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Ұлттық библиография секторының басшысы Елдана Хамзекызы.

Батырдың 80 жылдық мерейтойына орай жарық көрген библиографиялық жинақ бүгінде кітапхананың ресми сайтында жарияланды. Тоқтар Әубәкіровтің өнегелі өмірімен, тұлға турасындағы қызықты деректермен танысқысы келетін оқырман үшін бұл басылым құнды да таптырмас құрал болары кәдік.

Сурет кітапхананың ресми сайтынан

Асық ойнаған азбайды


(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды қаласының тұрғыны Тимур Оралов та асық ату ойынының қазіргі ережелері бұрынғыдан айтарлықтай өзгергенін атап өтті. Ұлттық ойын уақыт талабына сай жаңарып, арнайы талаптар мен жүйелі тәртіпке негізделген кәсіби спорт түріне айналып келе жатқанын баса айтты.

– Бала күнімізде сабақтан шыға сала асығамызды алып, кеш батқанша асық ойнайтынбыз. Ол кезде бүгінгідей бекітілген ресми ереже болған жоқ. Қара жерге шеңбер сызып, ел арасында қалыптасқан жазылмаған қағидалармен ойнайтын едік. Мысалы, ойын басталарда ортаға тізілген асықтарды шеңберден екі адымдай жерден сызылған сызықтан тұрып ататынбыз. Егер ойыншы алғашқы сокқыда асықты шеңберден шығарып жіберсе, келесі атуды сақасы тоқтаған жерден жалғастыратын. Ал, кезек қарсыласқа өткенде, ол шеңбер сызығынан атады. Егер алғашқы ойыншы асықты шеңберден шығара алмаса, қарсыласы сол асықты шеңбер сызығынан көздейтін. Ортада тізілген асықтардың бірі шеңбер ішінде қалып қойса, ойыншы әуелі сол асықты сыртқа шығару міндетті. Жердегі асық шығарылмайынша, қалған тізілген асықтарды атауа рұқсат етілмейтін. Жұырда асық атудан өткен бір турнирге көре-мен ретінде қатысатын. Сонда ойынның ережесі біршама өзгергенін байқадым. Бұрын біз малдың табиғи асығымен ойнасақ, қазір арнайы пластиктен жасалған асықтар қолданылады екен. Сонымен қатар, жарыстар арнайы төселетін жабынның үстінде өткізіледі. Бала күнгі қарапайым ойын бүгінде барлық талапқа сай ұйымдастырылатын кәсіби спорт түріне айналыпты, – деді ол.

Жаңа ереже бойынша алдымен асықтар шеңбердің ортасына тігіліп, сыртына шеңбер радиусының жартысына тең қашықтықта арнайы ату сызығы сызылады. Алғашқы ойыншы дәл сол сызықтан тұрып көздейді. Егер ол ортадағы асықты шеңберден шығара алса, кезек командадағы екінші ойыншыға өтіп, ол шеңбер сызығынан атады екен. Егер бірінші ойыншы асықты шеңберден шығара алмаса, онда кезек команданың үшінші ойыншысына ауысады.

– Жекелей сында барлық әрекетті бір спортшы өзі орындайды.



Мұнда ең басты талап – ойыншының шеңбер ішіне кіруіне болмайды. Барлық сокқы шеңбер сызығының бойынан, екі жағынан кезекпен жасалады. Егер ойыншы шеңбер сызығынан ортадағы асықты көздеп атып, оны шеңберден шығара алмаса, кезек қарсыласына өтеді. Қарсылас өз мүмкіндігін бастапқы ату сызығынан пайдаланады.

Тағы бір маңызды талап бар. Егер ойыншы асықты шеңберден шығарғанымен, өзі шеңбердің ішіне кіріп кетсе, ұтып алған асығы есепке алынбай, қайтадан ортаға тігіледі. Тек сақа шеңбердің ішінде қалып қойған жағдайда ғана ойыншыға шеңбер ішіне кіріп, оны алуға рұқсат беріледі, – деді Ержан Нұғұманов. Қолданыстағы ереже бойынша ойын басында шеңбер ішіне 15 асық тігіліп, жарысқа қатысушылардың жас ерекшелігіне қарай уақыт белгіленеді. Сол уақыт ішінде ойыншы ортадағы 15 асықты кемінде сегізін ұтып алуы тиіс. Егер бұл жекеге белгіленген уақыттан бұрын жетсе, жеңіс бірден соның еншісіне жазылады. Ал, уақыт аяқталғанша сегіз асықты жинай алмаған жағдайда, төрешілер кай ойыншының асығы көп екенін есептеп, жеңісті соған береді.

Жекелей сында жарыс үш кездесуге жоспарланған. Десе де спортшы алғашқы екі кездесуінде қатарынан жеңіске жетсе, үшінші

ойынды өткізудің қажеті болмайды. Бірақ, бұл спорт түрінде тең нәтиже тіркелмейді. Сондықтан, екі кездесудің қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталмаса, шешуші үшінші кездесу өткізіледі. Командалық бәсекеде барлық үш кездесу міндетті түрде ойнаытылады. Қазіргі таңда республикалық деңгейдегі жарыстарда жекелей кездесуге орта есеппен 10-15 минут уақыт бөліне, командалық ойындарға жеті минуттан есептеледі.

– Бала күнімізде «Үштабан», «Бештабан», «Шеңбер» сияқты асық ойынының түр-түрін ойнап өстік. Қазір сол дәстүрлі ойындардың кейбір элементтері жаңа ережелер негізінде асық ату спортына енгізіліпті. Мәселен, ойыншы шеңбер сызығынан атқан кезде асығы шеңберден табаны жетердей қашықтықта қалып қойса, шеңбердің сыртынан бес табан өлшеніп, сол белгіленген жерден қайта атады. Бұл – бұрыннан келе жатқан ұлттық ойын тәсілдерінің жаңғырған түрі. Біз асық ойнауды бала кезімізде үлкендердің өнегесімен, олардың үйретуімен үйрендік. Қазір осы ойынға ерекше мән беріліп, ұлттық спорт деңгейіне көтерілгеніне қуаныштымыз. Кезінде ұмыт бола бастаған дәстүрлі ойын түрлері бір жүйеге біріктіріліп, жаңа мазмұнда қайта жаңғырып жатыр. Бұл – халқымыздың ұлттық мұрасына деген құрметтің артып

келе жатқанының белгісі, – деді Ержан Сайлауұлы.

Қазіргі таңда асық үйірмесіне қатысатын оқушылардың басым бөлігі қала балалары. Олардың бұрынғыдай мал сойып, табиғи асық жинауға мүмкіндігі бола бермейді. Осы жағдайды ескере отырып, заман талабына сай арнайы спорттық асықтар мен сақалар дайындала бастады. Жасалу барысында табиғи асықтың салмағы мен өлшемдері негізге алынып, пластиктен сапалы үлгілері шығарылуда. Мәселен, сақаның салмағы 30 грамға дейін болса, асықтың салмағы 11 грамға дейін белгіленген. Қазір арнайы қоспа-лар мен фосфор элементтері қосылып, табиғи асыққа барынша жақын, төзімді әрі сапалы спорттық құрал жасалып жатыр.

Сонымен қатар, жарыстарды талапқа сай өткізу үшін шеңбер көлеміне сәйкес арнайы төсеніштер де әзірленуде. Мектептерде де асық ату үйірмелері жұмыс істеп, түрлі жарыстар ұйымдастырылып келеді. Мұның өзі ұлттық спортқа деген қызығушылықтың артып, жас ұрпақтың дәстүрлі ойынға қайта бет бұра бастағанын көрсетеді.

Қазіргі таңда асық ату ұлттық спорт федерациясының құрамына енгізілген. Алдағы уақытта бұл бағыттың жеке федерация ретінде құрылуы да жоспарланып отыр.

Суреттер pinterest.com

• СЕМИНАР

Кітапхана қызметінің жаңа бағыты

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен «Заманауи оқырманға қызмет көрсету: трендтер мен қызметтер» атты халықаралық семинар өтті. Кәсіби басқосуға Ресейдің Омбы қаласынан, Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарынан, сондай-ақ, Қарағанды өңірінің қала-аудандарынан келген кітапхана мамандары қатысты. Бірқатар қатысушы шараға Google Meet платформасы арқылы онлайн қосылды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі ақпараттық қоғамда кітапханаға келетін адамның сұранысы да өзгерді. Оқырман енді қажетті кітапты тауып берумен ғана шектелетін қызметті місе тұтпайды. Ол сапалы электрондық ресурсқа, жедел ақпаратқа, қолайлы ортаға және кәсіби кеңеске мұқтаж. Сондықтан, кітапханалар дәстүрлі қызмет түрлерін сақтай отырып, цифрлық технологияларды игеріп, жаңа форматтағы жобаларды жүзеге асыруға бет бұрып келеді.

Халықаралық семинарда осы өзгерістер жан-жақты сөз болды. Мамандар кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, интерактивті бағдарламаларды дамыту, жасанды интеллекттің кітапхана жұмысына енгізу, цифрлық өлкетану және оқырманға қызмет көрсетудің жаңа стандарттары жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды.

А.С.Пушкин атындағы Омбы мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасының «Академия» шығармашылық даму секторының меңгерушісі Юлия Титова қазіргі кітапханалардағы интерактивті бағдарламалардың бағыты мен мазмұнына тоқталды.

С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының Халықаралық кітаптар бөлімінің басшысы Ай-нұр Қадырова кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді жобалар туралы баяндады.

Семинарда айрықша талқыланған тақырыптардың бірі – жасанды интеллект пен цифрландырудың кітапхана қызметіне ықпалы. С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залдары бөлімінің басшысы Н.Чурық жасанды интеллект дәуіріндегі кітапханалардың мүмкіндіктерін саралады. Жаңа технологиялар ақпаратты жүйелеу-

ге, оқырман сұранысын талдауға, мәтіндермен жұмыс істеуге және электрондық қызметтерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Н.Гоголь атындағы облыстық кітапхананың маманы Арайлым Махметова да кітапханадағы жасанды интеллект мүмкіндіктері туралы баяндап, жаңа құралдарды күнделікті қызмет барысында тиімді қолданудың жолдарын ұсынды.

– Өлкетану қорында жинақталған сирек кітаптар, көне фотосуреттер, тарихи құжаттар мен мерзімді басылымдар – өңірдің рухани жады. Мұндай мұрағатты тек кітапхана сөресінде сақтау жеткіліксіз. Оны цифрландыру, жүйелеу және қашықтан қолжетімді ету арқылы кейінгі ұрпаққа аман жеткізуге болады. Цифрлық өлкетану шалғайда жүрген зерттеушіге, студентке немесе туған өлкесінің тарихына қызығатын кез келген оқырманға қажетті материалды жылдам табуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл бағыт тарихи деректердің жоғалып кету қаупін азайтып, жергілікті мұраны кең аудиторияға танытады, – деді Арайлым Қанатқызы.

Семинар барысында қатысушылар цифрлық даму, халықаралық ынтымақтастық және кітапханалық қызметті жетілдіру бағыттары жөнінде пікір алмасты.

Семинар қорытындысында кітапханалар арасындағы байланысты нығайту, озық тәжірибелерді енгізу және оқырман сұранысына сай қызмет көрсету бағытындағы бірлескен жұмыстың маңызы жан-жақты сараланды. Шара соңында қатысушыларға кітапханадағы заманауи қызмет пен инновациялық жобаларды таныстыратын «Кітапхана қызметінің жаңа көкжиектері» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Уақыт алға жылжыған сайын кітапхананың қызметі де жаңарып береді. Дегенмен оның негізгі мұрасы өзгермейді. Ол – адамға сенімді ақпарат ұсынып, кітапқа жол ашу, білімге ұмтылған оқырманды рухани әрі зияткерлік тұрғыдан қолдау.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Жас сарбаздар ант қабылдады

Нұра кентіндегі Тәуелсіздік саябағында аумақтық қорғаныс күштерінің тактикалық арнайы оқу-жаттығу жынын аясында салтанатты әскери ант қабылдау рәсімі өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шара барысында бұрын ант қабылдамаған әскери міндетті азаматтар Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ант берді. Бұл – әрбір азаматтың Отан алдындағы жауапкершілігін айқындайтын, туған жерге және халқына адалдығын, патриоттық рухын паш ететін маңызды рәсім. Әскери ант қабылдау – әскери қызметке міндеттілердің азаматтық борышын терең сезінуіне, Отанға сүйіспеншілігін күшейтуге және әскери-патриоттық тәрбиені дәріптеуге бағытталған тағлымды әрекет.

Іс-шараға әскери қызметшілер, ант қабылдаушылардың туған-туыстары, аудан тұрғындары мен кент қоңақтары қатысты. Рәсім барысында Мемлекеттік Ту асқақтап, Мемлекеттік Әнұран орындалды. Әскери ант қабылдаған азаматтарға ізгі тілектер айтылып, алдағы оқу-жаттығуда сәттілік пен табыс тіленді.

Салтанатты рәсімнен кейін жиналған көпшілікке аудан өнерпаздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылды. Шырқалған патриоттық әндер, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, мереке мазмұнын айшықтай түсті.

Ақылды алгоритмнің арқауы

Медицинадағы бір ғана дәл шешімнің артында майталман маманның білімі, тәжірибесі және ұқыптылығы тұрады. Алайда, цифрлық дәуірде дәрігерге күрделі кескіндерді саралап, күмәнді белгілерді дер кезінде байқауға көмектесетін жаңа құралдар пайда бола бастады. Қарағандылық мамандар әзірлеген TeriAI жүйесі – жасанды интеллект мүмкіндігін тері ауруларын бастапқы бағалау ісіне бағыттаған осындай отандық жобалардың бірі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Дәрігер дерматоскоп арқылы адамның тері құрылымындағы өзгерісті мұқият зерттейді. Құрылғы экранынан әртүрлі renk, көмекші дақтар мен көзге бірден байқалар бермейтін белгілер көрінеді. Тәжірибелі маман үшін мұның әрқайсысы маңызды клиникалық белгі болуы мүмкін. Ал, мұндай кескіндермен жұмыс істеу тәжірибесі аз дәрігерге қауіпті өзгерісті қарапайым дақтан ажырату оңай емес.

Қарағандылық Тимур Бекеев, Дмитрий Гнейдин және Павел Ильин осы күрделі үдерісті жеңілдетуге арналған жасанды интеллект негізіндегі TeriAI жүйесін әзірледі. Цифрлық көмекші дерматоскопиялық кескінді талдап, дәрігердің назар аударуына тиіс белгілерді көрсетеді. Жобаның басты ұстанымы да айқын: жасанды интеллект ақ халатты маманды алмастырмайды. Ол дәрігердің кәсіби шешіміне қосымша тірек болатын көмекші құрал қызметін атқарады.

Кейде ауқымды технологиялық жобаның басталуына күнделікті өмірдегі қарапайым жағдай себеп болады. TeriAI жүйесінің идеясы да медицина тәжірибесінде кездесетін нақты қиындықтан туындаған.

Тимур Бекеев 1990 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина академиясында «Медициналық кибернетика» мамандығы бойынша білім алған. Кейін ол дәрігер-дерматолог болып еңбек ететін жұбайының дерматоскопты күнделікті тәжірибеде сирек қолданатынын байқайды.

Оның өзіндік себебі бар еді. Дерматоскоп арқылы алынған кескінді дұрыс түсіндіру үшін арнайы біліммен қатар, мол тәжірибе қажет. Мамандар көбіне тері аурулары бейнеленген баспа атластарын пайдаланып, ондағы

суреттерді науқастың терісіндегі өзгерістермен салыстырады. Ал, қажетті дағдыны жетілдіру үшін арнайы әрі қымбат оқу курстарынан өтуге тура келеді.

– Дерматоскопиялық кескінді оқу – жай ғана суретке қарау емес. Ондағы әрбір түс, сызық пен құрылым белгілі бір мағына беруі мүмкін. Дәрігерлер тәжірибеде арнайы атластарға сүйеніп немесе қосымша оқыту курстарына қатысып жатады. Сондықтан, біз кескінді бастапқы саралау жұмысын жасанды интеллектке жүктеп, маманға ең маңызды белгілерді көрсетуге болатын шығар деген ойға келдік, – дейді Тимур Бекеев.


Кейін жобаға Тимурдың бұрынғы курстастары Дмитрий Гнейдин мен Павел Ильин қосылды. Команда нарықты зерттей келе, Қазақстанда осыған ұқсас технологиялық шешімдердің жоқтың қасы екенін анықтаған. Ал, шетелдік жүйелердің бағасы көптеген отандық клиникаға қолжетімсіз болған.

– Өуел бастан-ақ, біздің мақсатымыз дәрігердің орнын басатын бағдарлама жасау болған жоқ. Медициналық шешімді әрдайым маман қабылдауы керек. Біз дәрігерге күмәнді белгілерді дер кезінде байқап, науқасты әрі қарай тексеру қаншалықты қажеттігін бағалауға көмектесетін сенімді құрал жасауды көздедік, – дейді жоба авторы.

TeriAI жүйесін пайдалану үшін дәрігерге күрделі әрі көлемді жабдық қажет емес. Алдымен, смартфон камерасына арнайы дерматоскоп жалғанады. Дәрігер терідегі менің, дақтың немесе өзге де түзілістің суретін түсіріп, кескінді қосымшаға жүктейді.

Одан әрі талдау жұмысын жасанды интеллект алгоритмдері атқарады. Жүйе құрылымды, шекарасын және басқа да ерекшеліктерін салыстырып, клиникалық тұрғыдан маңызды болуы ықтимал белгілерді анықтайды.

Талдау нәтижесінде бағдарла-



ма науқастың жағдайын белгілі бір уақыт аралығында бақылауды, қосымша тексеру жүргізуді немесе бейінді маманға жолдауды ұсынуы мүмкін. Дегенмен, жүйе берген нәтиже түпкілікті диагноз болып саналмайды. Соңғы шешім дәрігердің кәсіби құзыретінде қалады.

TeriAI дайын шетелдік технологияны жергілікті нарыққа бейімдеген жоба емес. Жүйені қарағандылық команда өз күшімен әзірлеп келеді.

Тимур Бекеев өнімді әзірлеу бағытына жетекшілік етеді. Ол Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесінде ақпараттық қауіпсіздік мәселелерімен де айналысады. Дмитрий Гнейдин жобаға инвестиция құйып, жеке кәсібін дамытып жүр. Павел Ильин маркетинг бағытына жауап береді және «Олимп» зертханалар желісінің бизнес-серіктесі саналады.

Команда құрамында бұдан бөлек Астанадан фулстек-әзірлеуші және Қарағандыда бағдарламалау мамандығы бойынша білім алып жүрген екі студент бар. Осылайша, жобада медицина, ақпараттық технология, кәсіпкерлік және маркетинг саласының мамандары бірлесіп еңбек етеді.

Жүйені әзірлеу барысында жоба авторлары өз қаражаттары есебінен 10 миллион теңгеден астам инвестиция салған. Қаржы мамандардың еңбексақысына, техникалық инфрақұрылымға және дерматоскоптарды медициналық



техника тізілімінде тіркеуге жұмсалып жатыр.

– Медициналық өнімді әзірлеу қарапайым мобильді қосымша жасаумен шектелмейді. Оның техникалық тұрақтылығы, ақпараттық қауіпсіздігі және медициналық талаптарға сәйкестігі қамтамасыз етілуі керек. Салынған қаржының едәуір бөлігі осы міндеттерді шешуге жұмсалды, – дейді Павел Ильин.

Жоба авторлары өнімді әзірлегеннен кейін Terricon Valley акселерациялық бағдарламасынан өткен. Бағдарлама аясында команда өнімді нарыққа шығарудың бірнеше моделін сынап, медициналық ұйымдармен жұмыс істеу тетіктерін қалыптастырды.

Қазіргі уақытта TeriAI жүйесі Қарағанды мен Астанадағы үш клиникада қанатқақты күйде бастау алды. Жоба авторларының мәліметінше, бірқатар медициналық ұйым цифрлық сервисті сынақтан өткізу кезеңінен ком-

Апаттың алдын алады

Жуырда облыс аумағында жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған маңызды акция өтті. Мал иелеріне жарық шағылыстыратын арнайы таспалар тегін таратылып, жануарларды қауіпсіз жаю талаптары түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, мұндай қарапайым құрал түнгі уақытта жүргізушілерге жануарларды алыстан байқап, апаттың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, аймақта үй жануарларының қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталған профилактикалық шаралар жалғасуда. Осы мақсатта «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы КОФ «КАЖсервис» ұйымымен бірлесіп, мал иелеріне жарық шағылыстыратын арнайы таспаларды тегін үлестірді.

Мамандардың айтуынша, мұндай таспалар қараңғы уақытта немесе ауа райы қолайсыз кезде ерекше тиімді. Олар көлік фараларының жарығын кері шағылыстырып, жол бойындағы жануарлардың алыстан анық көрінуіне жағдай жасайды. Соның нәтижесінде жүргізушілер қауіпті алдын ала байқап, жылдамдықты төмендетуге немесе көлікті қауіпсіз тоқтатуға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде адам өмірін сақтап қана қоймай,



мал шығынының да алдын алады.

Қазіргі таңда жануарлардың жолға жиі шығатын учаскелері ретінде «Қарағанды-Қарқаралы», «Қарағанды-Жезқазған»,

«Қарағанды-Павлодар» және «Ботақара-Керней-Үміткер» бағыттарындағы автомобиль жолдары аталып отыр. Әсіресе, кешкі және түнгі уақытта бұл бағыттарда сақтық шараларын

күшейту маңызды.

«ҚазАвтоЖол» компаниясы өкілдерінің мәлімдеуінше, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кейде қарапайым әрі қолжетімді шешімдердің өзі үлкен нәтиже береді. Жарық шағылыстыратын таспалар – соның бір дәлелі. Мұндай құралдар жүргізушілерге де, мал иелеріне де қауіп-қатерді азайтуға көмектеседі.

Акция барысында облыс тұрғындарына барлығы 225 жарық шағылыстыратын таспа тегін таратылды. Сонымен бірге, мал иелеріне ауыл шаруашылығы жануарларын қауіпсіз жаю, олардың автожолдарға шығуына жол бермеу және жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

мерциялық пайдалануға көшуі бастаған.

Қызмет көрсету жүйесі әй сайынғы жазылымға негізделген. Жазылым құны – 5 мың теңге. Оған өңделген кескіндер бойынша он медициналық қорытынды кіреді. Әрбір келесі зерттеу үшін 500 теңге төленеді.

Мұндай модель қымбат бағдарламалық кешен сатып алмай-ақ, шағын жеке клиникалар мен медициналық кабинеттерге цифрлық технологияны пайдалануға мүмкіндік беруді көздейді.

Дегенмен, жобаның ауқымын кеңейту үшін оның тиімділігі тек тәжірибе жүзінде емес, ғылыми тұрғыда да дәлелденуі қажет. Осы мақсатта команда медициналық университетпен бірлесіп зерттеу жүргізуге дайындық үстінде.

Зерттеу барысында жүйенің нақты клиникалық жағдайда қаншалықты дәл жұмыс істейтіні, дәрігерге қандай деңгейде көмек көрсететіні және оны медициналық тәжірибеге енгізудің тиімділігі бағаланбақ.

Алынған нәтижелер Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынылады. Егер жүйенің тиімділігі ғылыми-зерттеу арқылы расталса, TeriAI алдағы уақытта мемлекеттік медициналық ұйымдарда да пайдаланылуы мүмкін.

Бүгінде жасанды интеллект банк қызметінен бастап өнеркәсіпке дейінгі сан алуан салаға енгізіліп жатыр. Медицина да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Алайда, денсаулық сақтау саласындағы кез келген технологияға қойылатын талап әлдеқайда жоғары. Өйткені, мұнда қабылданған әр шешім адамның өмірі мен денсаулығына тікелей қатысты.

Ақылды алгоритм қанша жерден жетілсе де, ақ халатты маманның білімін, жауапкершілігін және адамға деген жанашырлығын алмастыра алмайды. Бірақ, дәрігердің жанынан табылып, күрделі шешім қабылдап сәтте қосымша дерек пен бағдар ұсына алса, технологияның шынайы пайдасы да осында болса керек.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

ЗАҢ МЕН ТӨРТИП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мамандар мұндай таспаларды кез келген адам өз қаражатына да сатып ала алатынын еске салады. Олар тігін бұйымдары мен фурнитура сататын дүкендерде еркін сатылады және бағасы да қолжетімді.

Айта кетейік, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын қараусыз әрі бақылаусыз жаюға жол берген азаматтарға әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Мұндай құқық бұзушылық үшін 3-тен 10 айлық есептік көрсеткішке (12 975 теңгеден 43 250 теңгеге дейін) айыппұл салынады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Тұрғындар назарына!						
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 27 шілдесінен бастап «Қарасаз кен орнындағы тау-кен жұмыстары салдарын жою жоспары» бойынша жария						
Учаскелері географиялық координаттары:						
Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Град.	Мин.	Сек.	Град.	Мин.	Сек.
1	43	23	44,53	75	41	44,81
2	49	23	56,11	75	42	3,24
3	49	22	48,16	75	57	5,28
4	49	23	33,82	75	42	1,42
Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М., байланыс телефоны: 8 (7172) 557665 (ішкі нөмір 10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.						
Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөмір 10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.						
Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және https://ndbecology.gov.kz сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде						

талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті.

Ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады. Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс тел. 8(7212)56-41-27, эл. мекенжайы expertiza.upr.krg@mail.ru.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және тел. нөм.: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөмір 10557) арқылы сұратуға болады.

Вниманию жителей!						
ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений «Плана ликвидации последствий ведения горных работ на Географические координаты участка:						
Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Град.	Мин.	Сек.	Град.	Мин.	Сек.
1	43	23	44,53	75	41	44,81
2	49	23	56,11	75	42	3,24
3	49	22	48,16	75	57	5,28
4	49	23	33,82	75	42	1,42
Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн. номер 10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.						
Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн. номер 10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.						
Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления за-						

мечаний и предложений в течение 10 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: Карагинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагинской области», контактный тел: 8(7212)56-41-27, эл.адрес: expertiza.upr.krg@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Мундиальдің мықтысы кім болады?

Футболдан өтіп жатқан әлем чемпионатының жартылай финалы аяқталды. Ақтық сын алындағы аламанда Франция мен Испания, Англия мен Аргентина құрамалары кездесіп, екі матч та драмаға толы болды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екеуінің де сапында әлемдік деңгейдегі жарық жұлдыздар бар. Мәселен, чемпионат басталғаннан спорт журналистері, сарапшылары дәл осы Францияны фаворит санады. Өйткені, топтық кезеңдегі матчтарынан бастап, плей-офф кезеңінің алғашқы матчарында айқын басымдықпен жеңіске жетті. Оның үстіне, Килиан Мбаппе мен Усман Дембеле және Майкл Олиссенің үштігі – кез келген құрама қорғанысының «қорқынышы». Ойындары «жүріп тұр». Жылдам, әккі, шебер. Килиан Мбаппе осы чемпионатта 8 гол соқты. Леонель Мессимен теңесіп тұр.

Ал, Испания ұлттық құрамасының сапында Ламин Ямаль, Нико Уильямс, Дани Ольмо, Микель Оярсабаль секілді шабуылшылар бар. Бір ағзайды әрекет ететін алуынды құрам.

Матч басталысымен-ақ испандар допка толықтай иелік етті. Франция ойыншыларының прессингін оп-онай бұзып өтіп жатты. Қорғаныста небәрі 19 жастағы Пау Кубарси қарсылас команда шабуылшыларын тырп еткізген жоқ. Капталтағы қорғаушы Марк Кукурелья қорғаныста да, шабуылда да жоғары деңгейде ойын өрнегін көрсетті. Ойынның 20 минутында айып алаңының ішінде Ламин Ямальға қарсы ойын тәртібі бұзылды. 11 метрлік айып

соққысын Микель Оярсабаль сәтті орындап, есеп ашты. Ал, екінші кезеңнің 58-ші минутында Педро Порро есепті еселеді.

Ойынның қалған минуттарында Килиан Мбаппе бастаған жігіттер испаниялықтардың қорғанысынан саңылау таба алмады. Оның үстіне испаниялықтар қарсыласқа допка иелік етуге мүмкіндік бермеді.

Сонымен, Испания құрамасы – финалда.

Бұл командалар бір-бірімен 38 рет ойнаған екен. Испандықтар 18 рет жеңіске жеткен, француздар 13 рет жеңілген. Жетеуінде тең түскен. Испания Франция құрамасының қақпасына жалпы саны 71 гол соғыпты. Ал, француздар Испанияға 44 гол соққан. Өткенге көз жүгіртейік: Испания мен Франция құрамаларының 1922 жылы өткен кездесуінде «қызыл фуриялықтар» 4:0 есебімен басым түскен. Ал, 1929 жылы 8:1 есебімен ойсырата жеңген. 1942 жылы 4:0, 1949 жылы 5:1 есебі тіркелген.

Осыдан кейінгі Әлем және Еуропа чемпионаттарында командалар бір-бірімен алты рет ойнапты. Бір тең ойын, Франция үш рет және Испания екі рет жеңген.

Франция құрамасы ең алғашқы трофейін 1984 жылы алды. Еуропа кубогі. Бұл Мишель Платинидің дәуірі еді. Екі құраманың кейінгі кездесулеріне көз жүгіртсек, 2021, 2024 жылдары Испания жеңіске

жеткен екен.

Аргентина мен Англия құрамасы арасындағы кездесу де өзінше бір драма болды. Драманың негізі мынада: 1986 жылы «Ацтекте» өткен әлем чемпионатының финалында Англия құрамасының есесі кетіп еді осы Аргентинаға. Аты аңызға айналған аргентиналық Диего Марадонна дәл осы матчта қолмен гол соққан. Бұны футбол тарихында «Күдайдың қолы» деп атап кетті. Футбол тарихындағы ең аты шулы матчтардың бірі. Ең алдымен, Англия мен Аргентина құрамалары Оңтүстік Атлантикадағы британдықтардың екі территориясы үшін болған Фолкленд соғысынан төрт жыл өткен соң кездесті. Оның қорытындысы бойынша еуропалықтар аралдарды бақылауды сақтап қалды. Англия мен Аргентина құрамалары 1986 жылы әлем Кубогының 1/4 финалында ұшырасты. Матчты тамашалауға 115 мыңға жуық көрермен жиналған. Жалпы айтқанда, бұл кездесуде тек финалдың ғана мәселесі емес, өткеннің өкініші де бар еді. Оның үстіне ағылшындар 1966 жылдан бері мундиаль кубогін төбелеріне көтермеген еді. Құрамадан бөлек, ағылшындар капитаны Харри Кейн де трофейге «аш» еді.

Англия құрамасының бас бапкері – неміс футболының өкілі Томас Тухель. Ағылшын футболына келген неміс маманы қазіргі әлем чемпиондарына қарсы қандай



тактика қолданады деген сауал да миллиондаған жанкүйердің көкейінде тұрды.

Ысқырық шалынған сәттен-ақ апыр-топыр күрес басталып кеткендей. Ойыншылар бір-біріне таяп кетсе болды, шалып, итеріп құлатып жатты. Төреші Исмаил Эльфат ойынның осындай мәнерде өтетінін әуелден білгендей, қалтасынан қағаздарын шығаруға асыққан жоқ. Тек ысқырып, ойынды тоқтатумен болды. Бұл – америкалық құрамаларға тән ойын мәнері. Мысыр мен Аргентина арасындағы ойынды еске алыңыз.

Ойынның бірінші кезеңінде ауыз толтырып айтатындай өткір шабуыл жасалған жоқ. Ойыншылар алаңға «Қанға – қан, жанға – жан» деп шыққандай, бір-бірін құлатумен болды. Қарға бойлы Мессидің де алдымын аштырмады ағылшындар. Харри Кейн де, мақтаулы Энтони Гордон да алаңда «көрінбеді».

Алғашқы голды Энтони Гордон 55-ші минутта соқты. Осыдан кейін аргентиналықтар жаппай шабуылға көшті. Мессидің және тыңнан шыққан Де Паульдің қапталдан айып алаңына қарай асырған пастарынан еш нәтиже шыққан жоқ. Аргентиналықтар 16 рет соққы жасады. Соның алтауы ғана қақпаға бағытталды. Ағылшындар болса, 6 соққы жасап, соның үшеуі ғана қақпашыға жетті.

Ағылшындар қақпасын күзеткен Джордан Пикфорд бірнеше рет қауіпті соққының бетін қайтарды. Айып алаңына жөнді ене алмай жүрген аргентиналықтардың шаруасы осымен тәмам болғандай көрінді. Бірақ, Аргентинада Месси бар еді. Футбол генийінің интеллектісі ойын тағдырын шешіп кетті. 85-ші минутта Мессидің пасынан кейін Энцо Фернандес алыстан соққы жасап, есепті теңестірді. Құраманың джокері Лаутаро Мартинес тыңнан шығып, Мессидің пасынан кейін 90+2 минутта құрамасын алға шығарды. Сөйтіп, драмаға толы кездесуде Аргентина басым түсіп, финалға жолдама алды.

Финалда – Испания мен Аргентина. 2007 жылы 19 жастағы Леонель Месси 5 айлық Ламин Ямальды шомылдырған еді. Биыл Месси – 39 жаста, ал, Ламин Ямаль – 19 жаста.

Сурет Fifa.com

Жеті ойында жеңіске жетті



Қарағандылық «Шахтер» осымен жетінші ойын қатарынан жеңілмей келеді. Бірінші лиганың XIV туры аясында сырт алаңда Екібастұздың «Батыр» клубымен қарымта кездесіп, екінші ойында да 2:0 есебімен сенімді жеңді. Осылайша қарағандылық команда чемпионаттың екінші айналымын сәтті бастап, маңызды үш ұнайды еншіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер ойын басталысымен тізгінді өз қолына алып, қарсылас қақпасына үздіксіз қысым көрсетті. Допқа иелік етіп, қос қаптал арқылы шабуылдар да ұйымдастырды. Тактикалық тұрғыдан сауатты ойын үлгісін көрсетіп, қарсыластарынан бір бас жоғары екенін көрсетті. Нәтижесінде, кездесудің 38-ші минутында есеп ашылды. Гол авторы – жартылай қорғаушы Андрей Ульшин. Ол өзіне жеткен допты сол қапталдан әріптестеріне бағыттап әуелете пас шығарған. Алайда, оның асырған пасына әріптестері жетпеді. Ал, доп траекториясын өзгертепестен қарсылас қақпасының торынан бір-ақ шықты. Осылайша, Андрей Ульшин күтпеген жерден әдемі гол салып, командасын алға шығарды.

Қарағандылықтар екінші голды кездесудің 61-ші минутына соқты. Бұл жолы Рифат

Нұрмұғамет мергендігімен көзге түсті. Нәтижелі шабуыл сол қапталдан өрбіген. Шабуылшы айып алаңының сыртынан дәл әрі екпіндете тепкен соққысы қарсылас қақпашысын қапы қалдырды. Қақпашы доптың бағытын аңғарғанымен, оны қайтаруға шамасы жетпеді. Осылайша, «Шахтер» сырт алаңда сенімді жеңіске жетіп, турнир кестесіндегі жағдайын жақсартта түсті.

«Шахтердің» Премьер-лига жолдамасы үшін негізгі бәсекелестерінің бірі – алматылық «Қайрат-Жастар» командасы. Қазіргі таңда қос клуб турнир кестесінде ұпай саны бойынша қатар келеді. Ал, тағы бір басты қарсылас – түркістандық «Тұран» болатын. Алайда, өткен турда қарағандылықтар өз алаңында «Тұранды» тізе бүктіріп, турнир кестесіндегі жағдайын едәуір жақсартты. Нәтижесінде, кеншілер өкшелеп келе жатқан қарсыласынан тоғыз ұпайға ұзап, премьер-лигаға тікелей жолдама беретін алғашқы екі орынның біріндегі позициясын сақтап қалды.

Енді «Шахтер» келесі кездесуін 24 шілде күні өз алаңында өткізеді. Бұл жолы қарағандылықтар «Арыс» клубын қабылдап, жеңісті сериясын жалғастыруға тырысады.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



• БОКС

Сегіз боксшымыз сенімді ақтады

Индонезияның Джакарта қаласында бокстан жасөспірімдер мен жастар арасында өткен Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Құрлық додасына 26 ұлттық федерациядан 430-дан астам былғары қолғап шебері қатысып, өзара мықтыны анықтады. Қазақстан құрамасы да чемпионатта 40 салмақта сыңға түсіп, ел қоржынына 11 алтын, 11 күміс және 8 қола медаль салды. Ал, ұлттық құрама сапында облыс намысын сегіз спортшы қорғаған. Нәтижесінде, жерлестер төрт алтын, үш күміс және бір қола медаль жеңіп алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасөспірімдер арасында 70 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған қарағандылық Камилла Оспанова финалда әлем чемпионы, Өзбекстан өкілі Мафтуна Янгиеваны 3:2 есебімен тізе бүктіріп, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы атанды. Осы санаттағы 80 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Айдана Убайдуллақызы да чемпиондық тұғырдан көрінді. Ол ақтық бәсекеде Үндістан боксшысы Мега Шеокандты 3:2 есебімен жеңіп, Азия чемпионы атанды.

Ал, жастар арасындағы жарыста 48 келіде жұдырықтасқан Гүлнәз Бөрібаева финалда Моңғолия спортшысын 5:0 есебімен айқын басымдықпен жеңіп, екі дүркін Азия чемпионы атанды. Сондай-ақ, жастар арасындағы 70 келі салмақ дәрежесінде сыңға түскен Азиза Исина финалда Өзбекстан боксшысынан басым түсіп, Қазақстан құрамасының қоржынына кезекті алтын жүлдені салды.

– Финалдағы қарсыласы – тәжірибелі әрі мықты боксшы. Сондықтан, жекпе-жекке тыңғылықты дайындалдық. Жаттықтырушыларым қарсыласымынның ерекшеліктерін ескеріп, арнайы тактика ұсынды.



Негізгі міндет – қарсыласты бір қолмен алдап, екінші қолмен дәл соққы жасау болды. Осы тактиканы барлық раунд бойы сәтті орындадым. Соның нәтижесінде жеңіске жетіп, Азия чемпионы атандым, – делі чемпион Азиза Исина.

Жасөспірімдер арасындағы жарыста 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған қарағандылық Тимур Тайбеков финалда дейін сүрінбей жеткенімен, шешуші кездесуде Өзбекстан боксшысы Абдорбек Шариповқа есе жіберіп, күміс жүлдені қанағат тұтты. 85 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз Руслан Ахметов та финалда өзбекстандық қарсыласымен қолғап түйістірді. Тартысты өткен жекпе-жекте 2:3 есебімен жеңіліп, Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Ал, жасөспірімдер арасындағы қыздар бәсекесінде 85 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Анита Адиева да финалға дейін сүрінбей жетті. Алайда, шешуші жекпе-жекте Өзбекстан

өкілі Гулсевар Ганиеваға жол беріп, Азия чемпионатын күміс медальмен аяқтады.

У23 санатындағы 60 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғаған Аяжан Ермек жартылай финалда Өзбекстан өкілі Муштарибону Иброхимжонмен кездесті. Жекпе-жек барысында өзбекстандық боксшы бірінші нөмірмен жұмыс істеуге ұмтылса, қазақстандық спортшы қарымта шабуылдарға басымдық беріп, дәл соққыларымен көзге түсті. Дегенмен, төрешілердің шешімімен жеңіс 4:1 есебімен қарсыласқа беріліп, Аяжан Ермек Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды.

Осылайша, 30 медаль жеңіп алған Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте II орынға тұрақтады. Ал, 21 алтын, 6 күміс және 6 қола медаль еншілеген Өзбекстан құрамасы жарыс жеңімпазы атанса, қоржынына бес алтын, 12 күміс және 11 қола салған Үндістан боксшылары үздік үштікті түйіндеді.

Сурет КБФ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 3 284
№76 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табак.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**